Но в Актюбинской области материальная база библиотек оставалась неудовлетворительной. Из 334 библиотек государственной массовой сети только 30 библиотек, то есть менее 10% работало в специально построенных помещениях, отвечающих основным требованиям библиотечной работы. Подавляющая часть библиотек, а именно 255 из 334 располагались в малопригодных помещениях площадью до 50м², причем более ста из них занимали помещения площадью менее 25м². Иными словами, библиотеки находились в маленьких однокомнатных помещениях, лишенных элементарных удобств. Плачевным было положение сельских библиотек. Например, 4 библиотеки в Иргизском районе ютились в помещениях с «земляным» полом./18/

В конце 80-х гг. материальное положение культурно-просветительских учреждений улучшалось. Увеличились книжные фонды, но прекратилось строительство культурно-просветительных учреждений.

В Уральской области материальное положение библиотек, клубов было удовлетворительным. Например, в Каменском районе сельские библиотеки имели помещение из 4-5 комнат. Сельские клубы были снабжены музыкальными инструментами и инвентарем.

Таким образом, тарановское и курдайское движение, начатое еще в 1954 г., было направлено на улучшение материальной базы учреждений культуры. В строительство было вложено 84 млн. рублей. /19/ Улучшилась материальная база библиотек, клубов. Расходы на социально-культурные мероприятия и науку по государственному бюджету Казахской ССР в 1977 г. по сравнению с 1960 г. возросли почти в 4 раза и составили 3 млрд. 1,2 млн. рублей. /13/ Широилось инициативное строительство, увеличивалось число учреждений культуры (музеев, библиотек, клубов).

60-70-е гг. ознаменовались невиданным размахом строительства культурных объектов, особенно в сельской местности и в малых городах, возникших в новых промышленных районах.

В 80-х гг. материальная база учреждений культуры улучшилась. Например, если в 1940 г. в Уральской области было 295 библиотек, где насчитывалось 356 тыс. книг и журналов, то в 1980 г. было 531 библиотека и 4095 книг и журналов, в 1985 году – 558 библиотек, где насчитывалось 5138 книг. /20/

В Актюбинской области в 1940 г. число библиотек – 292, в них книг и журналов – 429 тыс. В 1980 г. число библиотек достигло 464 с фондом 4815 тыс. экземпляров. А в 1985 г. 488 библиотек имели фонд 5355 тыс. экземпляров. /13/

В Гурьевской области в 1940 г. было 164 библиотеки, где насчитывалось 183 тыс. книг и журналов. В 1980 г. – число библиотек 379 с фондом 3971 тыс. экземпляров. В 1985 г. – 388 библиотек, где было 4998 тыс. книг и журналов. /13/

Число клубных учреждений возрастает. В 1940 г. численность клубов в Актюбинской области – 361, в Гурьевской – 181, в Уральской – 404. В 1985 г. в Актюбинской области – 579, в Гурьевской – 412, в Уральской – 580.

О довольно хорошей материальной базе свидетельствует тот факт, что, если в 1960 г. число киноустановок насчитывалось 631, то в 1985 г. в Западном Казахстане функционировало их 1935. /21/

Развитие материально-технической базы культуры – это огромный комплекс, создаваемых благоприятных материальных условий и технических средств ее организации: производства, распространения и потребления духовных ценностей. Он охватывал все отрасли и сферы науки, культуры и духовной жизни советского общества, проявлялся в самых различных формах, начиная от правильной научной организации книжной торговли, средств распространения информации до создания технической и экспериментальной базы науки, оснащения научно-исследовательских учреждений самым современным оборудованием.

Какова же была сеть культурно-просветительских учреждений в Западном регионе Казахстана?

Кроме библиотек, музеев, клубов, Домов культуры, существовали филармонии, дома самодеятельного творчества, народные театры, научно-методические центры народного творчества и культурно-просветительской работы, самодеятельные коллективы и др.

Таким образом, материально-техническая база культпросветучреждений была слабой. Но тарановское и курдайское движение подняли инициативное строительство культпросвет учреждений. Появились новые библиотеки, клубы, Дома культуры. Сеть культпросвет учреждений также была разнообразной, начиная от кукольных театров, кончая областными домами творчества. Появление областных домов творчества свидетельствует о высоком духовном потенциале народа.

Список литературы:

1. ГАЗКО. – Ф. 1759. – Оп. 1. – Д. 13. – Л. 18; 19.
2. ЦГА. – Ф. 1890. – Оп. 1. – Д. 1405. – Л. 216.
3. ГАЗКО. Ф. 1759. – Оп. 1. – Д. 15. – Л. 32.
4. ГААО. – Ф. 1019. – Оп. 2. – Д. 2. – Л. 173.
5. Ельчибаева О.Т. Развитие областных библиотек Казахстана в 1946-1970 годах. – Автореферат диссертации канд. ист. наук. – Алма-Ата, 1975.
6. ГААО. Ф.1. – Оп. 4. – Д. 462. – Л. 36
7. ГАЗКО. – Ф. 37. – Оп. 20. – Д. 280. – Л. 119; 1.
8. ГАЗКО. – Ф. 850. – Оп. 9. – Д. 476. – Л. 33.
9. ГАЗКО. – Ф. 850. – Оп. 10. – Д. 173. – Л. 93.
10. Архив Президента РК. – Ф. 708. – Оп. 11. – Д. 1652. – Л. 92.
11. ГАЗКО. – Ф. 850. – Оп. 9. – Д. 470. – Л. 47.
12. Кудайбергенов А.Н. За высокую культуру села. – Алма-Ата: Казахстан, 1976. – 120 с.
13. Народное хозяйство в Казахской ССР. // Юбилейный статистический ежегодник. Алма-Ата: Казахстан, 1987. – С. 283-284.
14. ЦГА РК. Ф. 1890. – Оп. 1. – Д. 2335. – Л. 1.
15. Архив Президента РК. – Ф. 708. – Оп. 2. – Д. 120. – Л. 77.
16. ЦГА РК. Ф. 1890. – Оп. 1. – Д. 2496. – Л. 1; 2.
17. Архив Президента РК. – Ф. 708. – Оп. 48. – Д. 507. – Л. 29.
18. ЦГА РК. Ф. 1890. – Оп. 1. – Д. 2598. – Л. 120; 112.
19. Канапин А. Новые формы культурно-просветительной работы. – Алма-Ата, 1963. – 112
20. ГАЗКО. – Ф. 1759. – Оп. 1. – Д. 7. – Л. 2.
21. Народное хозяйство за 70 лет. // Юбилейный ежегодник. – Алма-Ата, 1990. – 50 с.



ДАУЛЕТОВ Н.Д.

Лицей: бүгін, ертең

Қазір біздің алдымызда халықаралық білім беру кеңістігіне ену, қоғамдық дамуға бірыңғай негіз болатын ағарту жүйесін қалыптастыру міндеті тұр. Жаңа ағарту жүйесіндегі лицейдің орны ерекше болмақ.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында тұңғыш рет лицейдің құқықтық статусы айқындалып, оған анықтама берілген. Онда лицей - негізгі, қосымша жалпы білім беруді және кәсіби бағдарлы оқытуды жүзеге асыратын жалпы орта оқу орны деп жазылған. Осы анықтамада лицейдегі берілетін білім үшке бөліп көрсетілген: негізгі жалпы білім; қосымша жалпы білім; кәсіби бағдарлы білім.

Жалпы білім берудің жоғарғы сатысы (10-11 сыныптар) лицейдегі берілетін үш түрлі білім - бір-бірімен байланысты, белгілі бір мақсатқа бағытталған ба, әлде әр білім түрінің өзіндік атқарар қызметі бар ма?

Лицейдің оқу жоспарын, ондағы білімнің мазмұнын айқындауда, жалпы лицейдің уақыт талабына сәйкес одан әрі дамуын қамтамасыз етуде, бұл сұрақтардың шешімін табу ең бір көкейкесті мәселе болып отыр.

Ең алдымен, лицейде жалпы білім беру талабымен мектептегі жалпы білім беру міндеті бірдей немесе жақын түсініктер ме, әлде екеуінің міндеті екі бөлек пе? - деген сауалға жауап іздеп көрелік.

Кеңес мектебінің жоғарғы сыныптарындағы энциклопедиялық білім беру тәжірибесі, 80-ші жылдардың аяғында ашық сынға алынып, оның тиімсіздігін кеңес педагогика ғылымы сол кездің өзінде-ақ мойындаған еді. Халыққа білім беру қызметкерлерінің бүкілодақтық съезінде (20 қаңтар 1988 ж.) ССРО халыққа білім беру мемлекеттік комитетінің төрағасы Ягодин Г.А. «... мектепте 22 пән оқылады. Ол пәндердің бір-бірімен байланысы жоқ. Негізгі бағыт балаларды өмірге әзірлеу емес, жоғарғы оқу орнына даярлау. Білім әр оқушының мүмкіндігін дамытуы қажет» (1) - деген болатын-ды.

Көп кешікпей-ақ, 90-шы жылдардың басында-ақ ыдыраған Кеңес одағының территориясында гимназиялар мен лицейлер жаппай ұйымдастырыла бастады. Сол кезден бастау алған гимназия мен лицейлер, Қазақстанда да бүгінгі таңда жүздеп саналады.

Бұл процесс, жай ғана жаңалық іздеу емес еді.

Керісінше, бұл кеңес мектебінде қалыптасқан он жыл бойы жалпыға бірдей міндетті, жалпыға бірдей мазмұнды білім алу жүйесінен, саралап білім беру принципіне көшуге жасалған алғашқы бетбұрыс еді. Бұл бір.

Екінші, бүгінгі өркениеті дамыған елдерде жалпы білім берудің ұзақтығы

12-13 жыл. Оның төменгі 4-тен 7-8 жылға дейінгі бірінші сатысында, біздің түсінігіміздегі міндетті жалпы білім беру жүзеге асырылады. Ал, оның ортанғы және жоғарғы сатысында баланың қабілеті мен қызығушылығына сәйкес қатаң бірыңғай саралап білім беріледі. Жалпы білімнің жоғарғы сатысы Германияда 9 жыл (гимназия), Францияда 7 жыл (лицей), Америкада 6 жыл, т.б. Яғни, өркениетті елдердің тәжірибесінде интеллектуалдық жағынан қабілетті балаларды жоғарғы оқу орнына даярлауды ұзақ жылдар бойы арнайы, саралап білім беру арқылы жүргізеді.

Демек, жалпы білім берудің жоғарғы сатысында балалардың қабілеті мен қызығушылығына сәйкес саралап білім беру - бір жағынан, ертеңгі қоғам дамуына деңгейлес сапалы мамандар даярлауға, екінші жағынан, баланың өзіндік интеллектуалдық жетілуін қанағаттандыруға негіз болатын объективтік қажеттілік. Осының негізінде келіп, қоғамның өркениетті дамуына мүмкіндік беретін әр жастың өз қабілетіне сәйкес болашақ мамандықты дұрыс тандай білу проблемасы өзінің шешімін табады.

Бұдан шығатын қорытынды лицейде берілетін жалпы білімге жаңаша түсінік, жаңаша көзқараспен қарайтын уақыт жетті. Ол міндеті жағынан да, мазмұны жағынан да мектептегі жалпы білімге мүлде ұқсамайтын кәсіптік бағдарлы білім болуы тиіс дегіміз келеді. Ол лицей шәкіртінің тандаған бағытына, мамандығына, сәйкес айқындалып, оны жан-жақты меңгеруге көмектесетін білім болуы қажет.

Мысалы, «Математика және информатика» бағытындағы кәсіби бағдарлы білім алатын оқушыға математика, физика, информатика ғылымдарының сан алуан салаларынан хабар бере отырып, оларға қатынаста жан-жақты білімінің қалыптасуына, онымен байланысты ойлау логикаларының дамып, жетілуіне тікелей ықпал ететін жалпы білім берілуі қажет.

Өйткені, қазір бір ғылымның өзінің не бір жаңа салалары, бағыттары пайда болып, соншалықты салаланып дамып кетті. Оның ішінен өз қызығушылығына қарай бір салаға бағдар жасау және оны жоғарғы деңгейде меңгеру бүгінгі оқушыдан жан-жақты кеңейтілген жалпы білім талап етеді. Бүгінгі өркениетті дамыған елдерде жалпы білім берудің жоғарғы сатысын 4-тен 9 жылға дейін созып, оны саралап жүргізу тәжірибесі, әр ғылымның барған сайын күрделеніп даму сипатына байланысты қажеттілік.

Бұның сыртында, лицейдегі берілетін жалпы білімге мемлекеттік тіл, тарих сияқты 2-3 пәнді ғана қосуға болар еді.

Ал, қазір лицейде мектеп сияқты барлық жалпы пәннің оқытылуы, оның өз мақсатына сәйкес жұмыс істеуіне кедергі болуда. Ол оқушының, тандаған бағытына қарай лицейде жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытуда, қосымша арнаулы пәндер, факультативтер, үйірмелер жүргізуде, бір жағынан, апталық жүктемені 48-50 сағатқа дейін көбейтсе, екінші жағынан, оқушылардың, мүмкіндігін, жаң-жаққа шашыратып, олардың бір бағытта саралап білім алуына мүмкіндік, бермей отыр.

Айталық мектеп ішіндегі лицей-сыныптарда және 300-ден 1000 балаға дейін оқушысы бар мектеп-лицейлерде жалпы білім беру толықтай мектеп бағытында жүргізіледі. Бұл жерде түсініксіз, біздіңше, бірнеше мәселе бар. Біріншіден, бұл лицейлерде берілетін білімнің мектептен көп әрі айырмашылығы болмаса, оларды «лицей» - деп атаудың қандай мәні бар?

Оларға мектептен өзге қандай талап қоюға болады? Әсіресе, бұл бағытта ауылдық жерлерде мектептерді лицей деп атын өзгерте салу тәжірибесі мүлде сын көтермейді.

Екіншіден, мектеп мүмкіндігі лицейге айналдыруға жетеді екен, онда оңы лицейге қойылатын талап тұрғысынан қайта құруымыз, өзгертуіміз керек емес пе?

Әлде, бізге бүгін лицейлер керек емес пе? Жастарды жоғарғы оқу орнына әзірлеу міндетін мектеп те атқара ала ма?

Кеңес үкіметі кезінде дамып қалыптасқан, қазіргі жалпы білім беретін мектептің міндеті сан алуан. Ол ғылымның да, өндірістің де, өнердің де, мәдениеттің де т.б. сан салаларына балаларды әзірлейді, тәрбиелейді. Мектепке бұған дейін де бұл міндеттердің әр қайсысын өз дәрежесінде атқару мүмкін болған жоқ. Оның не ғылыми, не әдістемелік, не материалдық, не техникалық, мүмкіндіктері біріне жетсе, екіншісіне жетпей жатты. Ал, мектептегі жүздеген, мыңдаған баланың әрқайсысының өзіндік дара дамуын қанағаттандыру да өз шешімін тапқан жоқ.

Бүгінгі таңда мектептің міндеттері бұрынғыдан көрі бірнеше есе күрделеніп кетті. Бұл міндеттерді шешу дүниежүзілік практикада сараланар білім беру арқылы жүзеге асырылады. Біздің жағдайымызда, саралап білім беру тек қана лицейлер арқылы мүмкін болып отыр.

«Білім туралы» заңда лицейге қатынасты екінші түсінік «лицейдің «қосымша жалпы білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын» оқу орны екендігі.

«Қосымша жалпы білім» - қандай білім? Бүгінгі практикада, ол міндетті жалпы пәндерге қосымша оқылатын, арнаулы курстар, факультативтік сабақтар. Олар - көбінесе шет тілдері, немесе дүниежүзілік мәдениет, әдебиет пәндерін оқыту т.б. болып келеді. Қазір әртүрлі қосымша білім көбірек берілсе, әсіресе, бірнеше шет тіл қатар оқылса, онда ол оқу орны не гимназия, не лицей, тіпті дарынды балалар оқитын оқу орны да болуға құқылы деп қарайтын пікір үстем. Сонда ғана баланың соншалықты жан-жақты дамып жетілуіне мүмкіндік болады деп есептейді.

Бұндай оқу орнында да оқушының апталық жүктемесі 46-48 сағатқа жетіп жығылады. Біздіңше, лицейде берілетін қосымша білімді бұлайша жүзеге асыру, оның мақсатына сәйкес келмесе керек.

Біріншіден, жалпы білімнің жоғарғы сатысында, оның ішінде лицейлерде берілетін қосымша білімнің түрлерін соншалықты көбейту, сайып келгенде, жан-жақты жетілген адам тәрбиелеу мақсатында, кеңестік энциклопедиялық білім беру идеясын одан әрі дамытуымыз ғана.

Екіншіден, лицейде берілетін қосымша білім, нақтылы бір кәсіпке байланысты арнаулы курстар оқу, немесе жоғарғы оқу орнының кейбір курстарын лицейге көшіру деген де түсінік болмауы керек. Лицейде берілетін қосымша білім, заңда көрсетілген лицейге кәсіби бағдарлы білім беруді қамтамасыз ететін білім болуы тиіс. Ол оқушының таңдаған мамандығына қарай іргелі білім алуына көмектесетін, сол ғылымның ең перспективалық басты бағыттарын терең меңгерген мүмкіндік беретін қосымша жалпы білім болуы қажет.

Білім туралы заңда көрсетілген лицейге қатынасты үшінші түсінік, оның,

Лицей: бүгін, ертең.

«Кәсіби бағдарлап оқытуды» жүзеге асыратын оқу орны екендігі. Біздіңше, лицейде «Кәсіби бағдарлап оқыту», онда берілетін жалпы және қосымша білімнен басқа, өз алдына кәсіптік білім беру болмаса керек. Өйткені, әңгіме кәсіптік бастауыш білім беру туралы емес. «Кәсіби бағдарлап оқыту» деген түсінік жалпы орта білім беретін оқу орындарының бірі - лицейге қатынасты.

Демек, «Кәсіби бағдарлап оқыту» лицейде берілетін жалпы және қосымша білімге байланысты, сол білімдердің нақтылы бір кәсіпке бағдарлай жүргізілуін талап ететін жалпы ұғым деп қарау қажет сияқты. Сонда, ғана, лицейдің мектепті және кәсіптік бастауыш білім беретін оқу орындарының қызметін қайталамайтын, оларға мүлде ұқсамайтын жоғарғы оқу орнына дейінгі жастардың бірінші кәсіби бағдарлы жалпы білім алуын қамтамсыз ететін міндеті келіп шығады.

Толықтай алғанда, лицейдің оқу жоспарындағы базалық жалпы білімнің көлемі де, пәндердің саны да азайтылып, оқушының таңдаған мамандығына, икемділігі мен қызығушылығына сәйкес саралап берілуі тиіс. Ал, қосымша кәсіби бағдарлы білімнің көлемі кеңейтіліп, тереңдетіліп, оқушының нақтылы бір кәсіпке, жоғарғы оқу орнына дейінгі даярлығын толықтай қамтамсыз етуі қажет. Осы негізде ғана, бүгінгі жоғарғы оқу орнының дәрежесін дүниежүзілік деңгейге көтеретін, лицей мүмкіндігін пайдалануға болар еді.

Бұл пікірімізді өркениетті елдердегі білім беру практикасында ақиқаттығы дәлелденген педагогика ғылымының қағидаларына ғана емес, сонымен қатар 7 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Батыс Қазақстан гуманитарлық университетінің жанындағы облыстық педагогикалық лицейдің тәжірибесіне де сүйеніп айтып отырмыз.

Жоғарыда келтірілген ой тұжырымдарымыз, бір жағынан, осы лицейдің тәжірибесінде өзінің ақиқаттығын, тиімділігін көрсеткен тұстар, екінші жағынан, біздің күнделікті жұмысымызда қолбайлау болып отырған жайлар.

Педагогикалық лицей - қабілетті, дарынды балаларды конкурстық негізде қабылдап (9-сыныптан кейін), оларға (10,11-сыныптар) жоғарғы деңгейде білім беру бағытында жұмыс істеп келе жатқан жаңа оқу орны. Лицейде білім беруді университет базасында жүргізу тәжірибесі, балаларды қабілеттеріне қарай іріктеуге, бір ғылымның саласына ерте бейімдей тәрбиелеу, жастай оқушыларға кәсіби бағдарлы білім беруде тиімді екенін көрсетті.

Лицейдің РҒПО «Дарын» жариялаған дарынды балаларға білім беру проблемасына арналған конкурста қатынасып, оның жүлдегері атануы (Денсаулық, сақтау, білім және спорт министрлігі. Бұйрық, №183. 10.04.1999) және лицейді аяқтаушы түлектердің өткен жылғы республикалық конкурста 100% грант жеңіп алуы, оның бағытының, педагогикалық негізінің дұрыстығын дәлелдеп отыр.

Лицейдің саралап білім беруде жоғарғы көрсеткіштерге жетуі, ең алдымен, университеттің ғылыми-әдістемелік базасымен байланысты. Лицейдегі арнаулы және тереңдетіліп оқылатын пәндерді университеттің ғалымдары мен әдіскерлері жүргізеді. Лицей шәкірттері университет библиотекасын, кабинеттерін, арнаулы лабораториясын оқу процесінде тікелей пайдаланады.

Үстіміздегі оқу жылынан бастап, білім және ғылым министрлігінің жоғарғы аталған бұйрығына сәйкес лицейде эксперименталдық алаң ашылып, жұмыс істей бастады. Оның мақсаты - лицейдің университет базасында

дарынды балаларға білім беру тәжірибесін одан әрі жетілдіру және осы бағытта жұмыс істеп жатқан оқу орындарына ғылыми-әдістемелік көмек көрсету.

Экспериментті жүргізуші ғылыми топ құрылды. Оның жетекшісі - университеттің бірінші проректоры, академик Рысбеков Т.З. Топтың құрамында университет ғалымдары мен әдіскерлері, облыстық, білім басқармасының және әдістемелік мекемелердің басшылары, лицей мұғалімдері бар. Лицейде жұмыс істейтін мұғалімдердің 8-і ғылым кандидаттары, доценттер мен профессорлар, біреуі республикалық «Жыл мұғалімі - 99» байқауының бас жүлдегері (Жақсығалиев Жаңабек).

Лицей оқушыларды жоғарғы оқу орнына даярлап жұмыстарын уақыт талабына орай жүргізуде, университет базасын негізге алу тәжірибесін Республикалық ғылыми-практикалық орталық «Дарынмен» байланысты жүзеге асыруда. Әсіресе, РҒПО «Дарын» талантты, дарынды балалардың интеллектуалдық даму сұранысын қанағаттандыру бағытында, ғылыми негізделген жұмыстар жүргізуде теориялық үлкен көмек жасауда.

Эксперименталдық алаңның жоспарына сәйкес, талантты, дарында балаларды есепке алу, олардың ақыл-ой даму еркселіктерін, белгілі бір ғылым саласына деген қызығушылығы мен икемділігін айқындау, оның одан әрі дамуына көмектесу бағытында лицей өзінің ғылыми-практикалық жұмысын бастап отыр.

Қазіргі уақыттың не бір қиындығына қарамастан, нағыз ғылымға бейімді, болашақ халқымыздың элиталық тобын құрайтын жастарды іріктеп алуда да, оларды жоғарғы оқу орнына теориялық және психологиялық жағынан әзірлеуде де университеттің ғалымдары, оның ректоры ерекше шығармашылық белсенділік көрсетуде.

Толықтай алғанда, бұл бүгінгі жоғарғы білім беретін оқу орындарындағы білім сапасын көтерудегі лицейдің мүмкіндігі жоғары, болашағы зор оқу орны екендігін айқын дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, жаңадан қалыптасып келе жатқан жалпы білім беру жүйесінде, жастардың жоғарғы оқу орнына дейінгі әзірлігін қамтамасыз ететін басты оқу орнының бірі ретінде - лицейді дамыту алда тұрған міндеттің бірі. Қазірдің өзінде жоғарғы оқу орнының базасында жұмыс істейтін лицейлер өз мүмкіндігінің мол екендігін көрсетіп отыр. Әңгіме бұл жерде мектептегі лицей сыныптарының, мектеп-лицейлердің, өз алдына жұмыс істейтін лицейлердің ғылыми-әдістемелік, материалдық базасының, ондағы білім беру процесінің бүгінгі уақыт талабынан көріне алмай жатқандығында ғана емес. Әңгіме, жоғарғы оқу орнының ғылыми да, материалдық та, психологиялық ахуалы да лицей мақсатына толықтай сәйкес келетіндігінде.

Демек, жоғарғы оқу орындары мен ғылыми орталықтарымен байланысты лицейлерді батыл дамыту, олардың талантты, бірыңғай дарынды балалар оқитын, элитикалық оқу орындарына айналуына көмектесу - бүгінгі күннің қажеттілігі.

Жалпы лицейді бұдан әрі дамыту үшін алда тұрған басты міндеттер:

- лицей мектеп емес, оның мақсаты біреу - жастарды бүгінгі жоғарғы оқу орнының талабына сай даярлау. Лицейдегі берілетін жалпы және қосымша білім - бірыңғай кәсіби бағдарлы, оқушының болашақ таңдаған

Лицей: бүгін, ертең.

мамандығын жан-жақты, терең меңгеруге көмектесетін білім. Демек, лицейдің оқу жоспарын, оның өз мақсатына сай, жасайтын уақыт жеткен сияқты;

лицейге, жастарды іріктеп алу да, оларды оқыту процесінде топтау да, берілетін білімнің мазмұнын айқындау да саралап білім беру принципіне сәйкес жүргізілуі тиіс;

білім берудің дүниежүзілік тәжірибесі де, біздің де бүгінгі көзімізге жеткен жағдай-біздегі лицей уақытының тым аздығы, оған қоса лицейге дейінгі оқушылардың білімдерінің төмендігі. Оқушыларға саралап білім беруді кеш басталады. Бұл кемшілікті жоюға гимназиялар көмекке келе алады. Бірақ бүгінгі таңда гимназиялар ортаңғы сыныптарда саралап білім беруді жүзеге асырып, лицеймен бірыңғай жүйеге келе алмай отыр. Демек, лицейдегі кәсіби бағдарлы білім беруді 3 жылдан 5 жылға дейін ұзарту да - алда тұрған басты міндеттердің бірі.

Всероссийский съезд работников народного образования. Стенографический отчет. - М., 1990 г. - с.20

УДК 9(С55)(07)

Ж -23

ЖАҚСЫҒАЛИЕВ Ж.

Тағы да тест тәсілі хақында немесе "сын түзелмей, мін түзелмейді"

*Білім беру мен тестілеудің
мемлекеттік стандарттарының
ұлттық орталығының (БТМСЖО) назарына*

Биылғы жылы да жоғары оқу орындарына (ЖОО) қабылдау жүйесі 1999-2000 оқу жылындағыдай жаңа үлгі бойынша жүзеге асырылды. Сөйтіп, мемлекеттік грант арқылы білімді ұштау немесе бюджеттік несиеге сүйеніп мамандық алу мәселесі өмірімізге енді. Мемлекеттік жоғары оқу орындарына студенттер контингентін қалыптастырудың жаңа үлгісі ЖОО-ға студенттерді тест жүйесімен қабылдауды «ЖОО құзырынан» алып, «Министрліктің құзырына» беру сынақтың өділ өтуінің бірден-бір кепілі деп баспасөз беттерінде насихатталды. Жоғарыда айтып өткеніміздей білім алудың бір сатысынан екінші сатысына көшу кезінде талапкердің білім деңгейін тестілеу тәсілі арқылы анықтау өркениетті елдерде уақыт сынынан өткен тәсіл. Өйткені, тест - техникалық құрылымы жағынан қарапайым, барлық сыналушылар үшін бірдей, тең мүмкіндікті қамтамасыз ететін, орындалған

тапсырмалардың деңгейін оңай өлшеуге, сыналудың білім көрсеткішін дәл анықтап, бағалауға әрі жедел өткізуге мүмкіндік беретін сынақ тәсілі. Соңғы жылдары біздің еліміздің ЖОО-на түсуші талапкерлерге де осы әдіс жиі қолданыла бастады. Алайда, бізде тәжірибенің аздығынан болар, осы мәселе төңірегінде көптеген кемшіліктер бар екені айтылып жүр. Зиялылар ортасында тіпті қарапайым халық арасында да бұл мәселе туралы пікір ала-құла. Міне, осы тұрғыда біз де республикалық «Қазақ тарихы» журналының 2000 жылғы №2 санында «Талапкер тағдырына селқос қарамайық» деген тақырыпта мақала жариялап, оны Білім және ғылым министрлігінің назарына ұсынған болатынбыз(1,3-7). Мақсат - ЖОО-ға түсушілерге арналған тест сұрақтарындағы олқылықтарды көрсету болатын. Өйткені, біз әңгіме жасайын деп отырған Қазақстан тарихы пәнінің орта мектеп үшін маңызы өте зор. Соның бірі ЖОО-ға түсуге талаптанған әр шәкірттің алдынан Қазақстан тарихы пәні шығады «Көш жүре түзеледі» дегенімізбен төмендегідей кемшіліктер талантты талапкердің тағдырына тұсау салары белгілі. Сөйтіп, халық арасындағы бұл мәселе төңірегіндегі тұманды сөйлетуге емес, керісінше күшейтуге «көмектесері» сөзсіз.

Биылғы оқу жылында да (2000-2001 оқу жылы) ЖОО-ға түсушілерге арналған ережеге сәйкес, барлық пәндерден БТМСҰО оқу-әдістемелік құралы ретінде, жылдағы дәстүр бойынша тест сұрақтары мен олардың дұрыс жауаптарын алдын ала жария етті. (2, 228) Осы жинақтағы басты кемшіліктерге тоқталмас бұрын, біз оқырмандарымыздың назарын мына мәселеге аударғымыз келеді. Биылғы оқу жылындағы (1999-2000 оқу ж.) талапкерлерге берілген кейбір «быламық» тест сұрақтарының, биыл да (2000-2001 оқу ж.) қайталануы БТМСҰО-ның біздің баспасөзде жарияланған сыни мақаламызды ескермегендігін көрсетеді. Оған дәлел, «ескі» жинақтағы біз «жарамсыз» деп таныған № 518, 519, 586, 954, 965 т.б. кейбір тест сұрақтары «жаңа» жинақтағы №611, 612, 659, 1121, 536 реттік сандарға орын тепкен. Сондықтан біздің бүгінгі оқырманға ұсынғалы отырған мақаламыз, жоғарыдағы мақаланың жалғасы іспеттес деп айтуға болады. Сонымен, биылғы жарияланған тест жинағындағы бізге байқалған кемшіліктерді, жаңа мысалдар негізінде қайтадан сөз етпекпіз.

Бірінші. Биылғы оқу жылында да тест сұрақтары, былтырғы оқу жылындағыдай алғашында орыс тілінде дайындалып, кейін қазақ тіліне тәржімаланғандығына байланысты аударма барысында қателдіктерге жол берілген. Тест сұрақтары әуелі орыс тілінде құрастырылғандықтан түпнұсқасымен, яғни орысшасымен салыстырып қарасаң, қазақшаланғанда кейбір сөздердің немесе сандардың мүлде өзгеріп кеткендігі көзге ап-анық көрініп тұр. Оған мысал: № 611, 612, 659, 662, 897, 1121, 1280, 1299 сұрақтар. Сөзіміз дәлелді болу үшін, осы тест сұрақтарының ішінен нақты мысалдар келтірейік: №611 сұрақтағы үшінші жауап (с) орысшасында «Использовать казахов в борьбе с потомками Сибирского хана Кучума», деп берілсе, аудармада былайша берілген: «Сібір ханы Көшіммен күресте қазақтарды пайдалану». Нәтижесінде «ұрпақтары» деген сөз белгісіз себептермен сөйлем ішінен мүлде түсіп қалған.

Ал, №612 сұрақтағы «Агрессия джунгарских феодалов» деген сөйлем «Қазақ феодалдарының агрессиясы» делініп «жоңғар»сөзі «қазаққа»

Тағы да тест тәсілі...

айналып кеткен. Демек, сұрақ түгелімен қате берілген. № 659 сұрақта «Где в 1731 году была принята присяга хана Младшего жуза на верность России?» делінсе, аудармада «1731 ж. Ресей құрамына Кіші жүз қазақтарын алу жөніндегі документке қол қою қай жерде өтті?» делініп, сұрақтың мазмұны басқашалау сияғ алған. Себебі, Кіші жүз қазақтарының Ресей құрамына кіруге ант берген жері Әбіқайыр ханның Ордасы екені белгілі. Ал, атамыш документке бірінші қол қойған (Петерборда - Ж.Ж.) 1731 ж. 8-ақпанда Ресей патшайымы Анна Иоановна еді(3, 13). Аударманың сәл өзгеріске ұшырауы жауапты да өзгертіп жіберген. Өйткені, жоғарыдағы тест сұрағының жауаптарының ішінде Хан Ордасы да, Петербор да бар. Және бұл сұрақ жинақта екі жерде кездеседі: Біріншісі № 659, екіншісінің реттік саны № 665. Орысша мәтіні екі сұрақта да бірдей болғанына қарамастан, қазақшасында № 659 сұрақ түсінікті тәржімаланбаған. Сол сияқты, № 622 сұрақтың дұрыс жауабының аудармасы да сәтті болып шықпаған. «Сауын» ұғымының мәні: бай адамдардың малын кедейлерге сүтін ғана пайдалануы үшін беруі. Ал, аудармада: «Малын жаюды көршіге беру», - дей салынған. № 897 сұрақтың дұрыс жауабы (д) орысша жинақта «XIII -XVII ғасырлар» деп дұрыс берілсе, қазақ тіліндегі жинақта «XII -XVII ғасырлар» деп датадан тағы да басылымдық қате жіберілген. Сол сияқты № 1121 сұрақта орыс тіліндегісінде «Какой из перечисленных фильмов в годы войны был снят в Алма-Ате?» деп, төменінде мынадай жауаптар берілген:

- а) «Два бойца»
- б) «Партизаны»
- в) «Георгий Саакадзе»
- д) «Секретарь райкома»
- е) Все перечисленные и многие другие

Тәржімада дәл осы сұрақ, бірақ жауаптарының ішінде сәл өзгешелік бар. Қазақша жинақтағы жауаптар мынадай:

- а) «Екі жауынгер»
- б) «Партизандар»
- в) «Георгий Саакадзе»
- д) «Аудандық комитет хатшысы»
- е) «Азат-сту»

Шын мәнінде, түпнұсқасында (орысшасында - ЖЖ.) берілген бесінші (е) жауабы дұрыс, яғни кеңес-герман соғысы жылдарында түсірілген фильмдердің қатарына бәрі де жатады. Бұл жерде бесінші (е) жауабы тағы да өзгеріске ұшыраған, соған сәйкес талапкерге едәуір қиындық тугызған.

Екінші кемшілік те жоғарыдағы мәселелермен тығыз байланысты. Тест сұрақтары алғашында орыс тіліндегі оқулықтар бойынша дайындалғандықтан, орыс тілінде жазылған Қазақстан тарихы оқулықтарында бар, бірақ қазақ тіліндегі кейбір оқулықтарға енгізілмеген материалдар да кездеседі. Бұл - орта мектептің Қазақстан тарихы пәніне арналған оқулықтарының әуелі орыс тілінде жазылып, кейін аударылатындығын дәлелдесе керек. Жинақтағы №160 сұрақты мысал ретінде келтіретін болсақ, «Қола дәуірінің қай кезеңінде Қазақстанның таулы және далалы аудандарында егіншілік пайда болды?» деген тест сұрағының дұрыс жауабы орыс тіліндегі 6 сыныптың оқулығында «б.э.д. 5-4 мың жылдық» деп жазылған. Дәл, осы мәлімет қазақша оқулықта айтылмаған. Сол сияқты «Қарғалы диademасын жасаған зергер-ұста қай кезеңде өмір сүрді?» деген № 230 сұрақтың дұрыс жауабы орыс тіліндегі 6

ЖАҚСЫҒАЛИЕВ Ж.

сыныптың оқулығында «б.з.д. I ғ. - б.з. II ғ.» деп көрсетілсе, қазақ тілінде жазылған 6 сыныптың оқулығында «диадема б.з.б. II ғ. мен б.з. I ғ. жасалған», деп айтылады. Демек, оқулық қазақ тіліне аударылғанда басылымдық қате кеткен. Соған ұқсас № 233 сұрақта «Қаңлылар дөңді қандай ыдыста сақтады?» делінген. Жауаптары:

- а) Құмыраларда
- б) Саптыаяқта
- в) Көзде
- д) Кеспекте
- е) Жоғарыдағының бәрі

Орыс тіліндегі оқулықта жоғарыдағы берілген жауаптардың бәрі айтылса, ал қазақша оқулықта тек «құмырадан» басқа ыдыс түрі енбей қалған. Бұл жерде, тест сұрағының орысша нұсқасы бойынша дұрысы (е) жауабы. Келесі № 246-шы тест сұрағына байланысты мағлұматты мектеп оқушысы қазақша Ежелгі Қазақстан тарихы оқулығынан қанша іздесе де таба алмайды. Демек, осы жерде біздің орта мектеп оқулықтарында (Қазақстан тарихы оқулықтарының қазақ тіліндегісі - Ж.Ж.) олқылықтардың әлі бар екендігі білінеді. Бірақ, қазақша оқулықтарға енбей қалғанымен бұл материалдар орта мектепке арналған орыс тіліндегі Қазақстан тарихы оқулықтарында бар екенін әрбір мұғалімнің есте ұстағаны жөн.

Екінші кемшілік ретінде қарастырып отырған сөзіміздің түйіні № 4, 160, 230, 233, 246, 375, 380, 387, 668, 678, 712, 716, 717, 732, 781, 819, 860, 936, 943, 963, 1172 немесе жинақтағы т.б. кейбір сұрақтар туралы мәліметті оқушылар қазақ тілінде жазылған 6-7-8-9 сынып оқулықтарынан таба алмайды. Жоғарыдағы реттік сандары көрсетілген тест сұрақтарының барлығынан біздің байқаған кемшілігіміз осы. Сондықтан, олардың бәрін тізіп, жаза беруді жөн көрмедік. Сонымен оқулықтардағы олқылықтарға назар аудару керектігі осы жерде тағы да көрініп-ақ тұр.

Үшінші кемшілік, осы БТМСҰО дайындаған тест сұрақтарының бірсыпырасының орта мектеп бағдарламасынан тыс, ЖОО-ға жүргізілетін бағдарлама бойынша құрастырылғандығы. Орта мектепте жүргізілмейтін материалды ЖОО-ға түсуде талапкерден талап етудің дұрыс емес екендігі туралы пікірімізді бұдан бұрында білдіргенбіз (4, 4). Қалай десек те былтырғы жинақпен салыстырғанда, биылғы оқу жылындағы тест жинағында осы мәселеге байланысты онды өзгерістер барын елемеу әділетсіздікке саяр еді. Оған дәлел былтырғы оқу жылында көптеген тест сұрақтары ЖОО-ға арналған оқулықтардан, атап айтсақ «Қазақстан тарихының» I-томы мен «Қазақстан тарихы очерктері» сияқты академиялық еңбектерден дайындалған болатын. Себебі, бұл еңбектер ауыл мектебінің мұғалімі түгіл, қала орталығындағы орта мектеп мұғалімдерінің көпшілігінде бола бермейтінін ескерсек, біраз жайдың басы өзінен-өзі түсінікті болар еді.

Алайда, «жаңа» жинақтағы ішінара кейбір тест сұрақтарының мектеп оқулықтарында (екі тілдегісінде де - Ж.Ж.) жоқ материал бойынша, яғни ЖОО-ға қатысты еңбектерден дайындалғанын атап өтсек дейміз. Егер біз қателеспесек № 128, 175, 307, 608, 609, 610, 956, 957, 958 сұрақтар қайтадан қарауды қажет ететін сияқты. Мысалы, 307 сұрақ:

656 жылы Батыс түрік қағанатының құлауынан кейін Қимақ тайпалық одағы пайда болды. Қимақтардың басшысы қалай аталды?

- а) Жабғу
 в) Эльтебер
 с) Шад-тутук
- д) Қаған
 е) Сюбашы

Дұрыс жауабы: с) Шад-тутук. (5, 322)

Мектеп оқушысына жоғарыдағы ұғымдардың ішінен «шад-тутук» лауазымы (титулы - Ж.Ж.) таныс емес болып көрінері белгілі. Өйткені, мектеп оқулығында ерте ортағасырлық феодалдық Қимақ мемлекетінің басшыларының лауазымы ретінде «жабғу», «қаған» ғана айтылады, ал «шад-тутук» лауазымы тек ЖОО-ға арналған еңбектерде ғана көрсетілген.

Осы тектес, № 608 сұрақты алып көрейік:

1594 ж. Тәуекел ханның өкілі Құл-Мұхаммед бастаған алғашқы қазақ елшілігі Москваға келді. Құл-Мұхаммед қандай маңызды сұрақты шешу керек болды?

- а) Москвада «аманат» ретінде қалдырылған інісі Ораз-Мұхаммедті босату және орыс үкіметімен достық қатынас құру
 в) Орыс мемлекетімен сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шартқа түру
 с) Россиямен сауда байланысын реттеу
 д) Россияға қазақ жерлерін қосу туралы үкіметке өтініш білдіру
 е) Россиямен шекараіас жерлерде бекініс қамалдарын салу мәселесін шешу

Дұрыс жауабы: а) Москвада «аманат» ретінде қалдырылған інісі Ораз-Мұхаммедті босату және орыс үкіметімен достық қатынас құру(5, 184).

Сол сияқты, № 957 сұрақ:

Алаш партиясының жетекшілері Қазан революциясын және қазақ мемлекеттігін кеңестік негізде құру идеясын неге қабылдамады?

- а) Қазан төңкерісінен көп бұрын олар Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуына өз көзқарастарын, бағдарламасын кең насихаттады.
 в) Федеративтік Республикаға кірген әрбір мемлекет басқа мемлекеттермен - Федерация мүшелерімен өз бетінше жұмыс істей алады деп санады.
 с) «Алаш» партиясы ақиқат жағында болды, олар үшін кедейлер - жолдастар, байлар - халық жаулары...
 д) Жұмысшылар заңмен қорғалуы тиіс... «Алаш» партиясы бұл мәселе бойынша социал-демократтардың меньшевиктік тобы мен басқалардың бағдарламаларын қолдайды.
 е) Жоғарыда айтылғанның бәрі

Дұрыс жауабы: е) Жоғарыда айтылғанның бәрі (5, 308-309).

Бұл сұрақтардың жауаптары да орта мектеп бағдарламасына қатысты оқулықтардың бірде-бірінде кездеспейді.

Біздің пікірімізше, төртінші кемшілік мынадай. Бүгінгі таңда республикамыздағы орта мектептерде орта ғасырлардағы Қазақстан тарихына байланысты оқушыларға екі түрлі оқулық оқытылып жүргені белгілі. Оның біріншісі, сонау тәуелсіздік алған алғашқы жылдары жарық көрген сөйтіп, өтпелі кезеңнің ауыр жүгін көтеріп, кейін бірнеше рет толықтырылып, өңделіп қайтадан басылып шыққан Д.Бабаевтың оқу-құралы, ал екіншісі бергін келе жарық көрген академиялық еңбек «Қазақстан

ЖАҚСЫҒАЛИЕВ Ж.

тарихы» I томының негізінде жазылған К.Байпақов, Б.Е.Кемеков, К.А.Пищулинаның 7-8 сыныптарға арналған оқулығы. Аталып отырған оқу-құралдарын салыстыра қараған адам оқулықтар ішінен бір-біріне қайшы келетін немесе бір-бірін қайталамайтын мәліметтерді ұшыратады. ҚР ғылым және жоғары білім Министрлігінің Республикалық сараптау комиссиясы осы орта мектеп бағдарламасына сай құрылған тест тапсырмаларының жинағын құрастырғанда жоғарыда аталған екі оқулықты да пайдаланған. Алайда, осы оқулықтарда бір-біріне сәйкес келе бермейтін фактілер де кездеседі. Оған дәлел ретінде № 514 сұрақта: Ақ Орданың бірінші ханы кім болды?

а) Сасы-Бұқа; в) Ерзен хан; с) Мұбарак қожа; д) Ұрұс хан; е) Барақ хан;
Дұрыс жауабы: Сасы-Бұқа(6,3).

Ал, енді осы сұрақтың дұрыс жауабын академиялық еңбек негізінде жазылған; әрі уақыты жағынан соңғы кезде жарық көрген оқулықтардан іздесек, Сасы-Бұқа есімін кездестіре алмаймыз(7, 96). Осы оқулықта берілген мәліметке жүгінсек, онда былай делінген: «Алтын Ордаға тәуелділіктен түпкілікті құтылуға XIVғ. ортасында Ерзен мен Мүбәрәкқожа хандар (1320-1344 ж.ж.) билігі тұсында қол жетті». Сонымен, Ақ Орданың бірінші ханы кім? Сасы-Бұқа ма, әлде оның баласы Ерзен хан ба? Дәл жауабын анықтау үшін талапкерге орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы оқулығының екеуімен де бірге жұмыс жасауына тура келеді. Оқулықтардағы осы сияқты олқылықтар алдағы уақыттарда ескерілмесе, бұндай тест тапсырмалары талапкерлерді шатастырары, олардың деңгейін анықтағанда әділетсіздік туғызуы мүмкін.

Бесінші кемшілік ретінде айтарымыз, тест сұрақтарының емтиханға тапсырушы үшін барынша жеңілдетілуінде деп ойлаймыз. Кейде тест сұрақтарының мүлдем қарапайымдылығына білім деңгейі жоғары талапкерлердің өздері танданып, бұрынғыдай классикалық жүйедегідей емтихан сұрақтарына әр түрлі ұғымдарды сабақтастыра отырып жауап берудің керек болмай қалғандығын бірден байқайды. Осыдан кейін олар сұрақтарға мәселенің байыбына бармай-ақ механикалық тұрғыдан жауап бере салады. Мұның өзі «емтихан» деген түсінікті әбден құнсыздандырып, талапкердің білім дәрежесін емес, оның оқығанын жадында сақтау қабілетін сынап көру деңгейіне дейін төмендетеді. Біздің ойымызша БТМСҰО жариялап жүрген тест сұрақтарының біразы жалаң, маңызы төмен, екінші дәрежелі мәселелерді талап ететін проблемалар төңірегінен аса алмайтын сықылды. Оған мысал:

№ 396 сұрақ: «Кел балалар оқылық» атты өлеңнің авторы кім?

№ 397 сұрақ: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім, пайдасын көре тұра тексермедім» деген өлең жолдарының авторы кім?

№ 398 сұрақ: «Абай Семейде қандай оқу орнында оқыды?»

Міне, көріп отырсыздар осындай көптеген мысалдар келтіруге болады. Күрделі, оқушының логикалық ойлауын қажет ететін тест сұрақтарының аз қолданылуы, біз әлі тест құрылымының ішкі мәнін терең игере алмай, бұл әдісті дұрыс пайдаланбай жүрміз бе деген күдікті ойға қалдырады. Жоғарыдағыдай оқушыларға бастауыш сыныптан таныс материалдар жоғары мектепке қабылданар студенттің білім көрсеткішін әлі таразылай алатын

Тағы да тест тәсілі...

құрал деп есептеуге болмайды. Сондықтан бүгінгі таңда қолданылып жүрген дәстүрлі тест сұрақтары толық кеңейтіліп, қиындатуды қажет ететін сияқты.

(8, 65-68)

Алтыншы кемшілік - біздің ойымызша кей сұрақтардың берілген дұрыс жауаптары екіұшты немесе күмәнді деп айтуға негіз бар. Мысалы, 462 сұрақ:

Алтын Ордада салықты кім жинады?

- а) Бахадүрлер
- д) Даругтер
- в) Бектер
- е) Беклербектер
- с) Басқақтар

Осы сұрақтың дұрыс жауабы әдебиеттерде былай көрсетілген (Алтын Орда - Ж.Ж.) қалалар мен бағынышты ұлыстардан алым-салық, сыбаға жинау міндетін атқаратын *даругтер* мен *басқақтар* тағайындалды (7, 90; 5, 103). БТМСҰО дұрыс жауаптардың кілтін әзірлегенде жоғарыдағы екі жауаптың қайсысын таңдады екен деген заңды сұрақ туындайды.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктерден шығатын қорытынды төмендегідей:

1. Тест сұрақтарының орысшадан қазақшаға дұрыс, сауатты аударылмауы әрі басылымдық қателіктердің жіберілуі сұрақтың берілгенін немесе жауаптарын мүлде өзгертіп жіберген. Сөйтіп талапкерлерге үлкен қиындық туғызған. Тест сұрақтарын бірінші орыс тілінде дайындағандықтан БТМСҰО дұрыс жауаптардың кілтін түпнұсқа негізінде әзірлегендігі айтпаса да белгілі. Сондықтан жоғарыда айтылған кемшіліктерді ескерсек мәселеге бұлай қарау мүлде дұрыс емес.

2. Орта мектептегі қазақ тілінде жазылған оқулықтардағы қазақ тарихына қатысты олқылықтар қазақ мектебін төмамдаған талапкерге тағы да қиындықтар әкелген. Оған басты себеп жоғарыда айтып өткеніміздей, оқу құралдарының да, тест жинағының да әуелі орыс тілінде дайындалғандығы.

3. Жалпы білім беретін орта мектеп оқулығынан тыс тапсырмалардың талапкерден талап етілуі мектептегі тарих пәні мұғалімдерін ойландырғандай. Дәл осы жерде «оқушы мектепте мүлде оқымаған материалды қалай білуі мүмкін» деген заңды сұрақ туады.

4. Алдағы уақытта БТМСҰО тест сұрақтарын дайындағанда оқулықтардағы олқылықтарды ескеріп, кейбір бір-біріне қайшы келетін материалдарды дұрыстап тексеріп, сұрыптағаннан кейін ғана жарияласа деген тілегіміз бар.

5. Тест сұрақтарының құрылымына мән берілсе, сұрақтар дайындалғанда тым қарабайырландырылып жіберілмей, мектеп бағдарламасының көлемінде күрделілендірілсе дейміз.

6. Тест сұрақтарының жауаптарының дұрыс, дәлдігіне көңіл аударылса дейміз.

БТМСҰО құрастырған тест сұрақтарының барлығын бірдей түбегейлі жоққа шығарудан аулақпыз, тек көзге түскен кемшіліктеріне ғана тоқталып, осы пәннің маманы ретінде пікір айттық. Онда да БТМСҰО-ның «бұл басылымдағы тест тапсырмаларында кемшіліктер мен байқалмаған қателер болуы мүмкін. Сондықтан «тест тапсырмаларының мазмұнын жақсарту мақсатында жасаған ұсыныстары үшін жанашыр оқырманға алдын ала ризашылығымызды білдіреміз және келесі басылымдарда өзгертулер енгізуге

ЖАҚСЫҒАЛИЕВ Ж.

дайынбыз» - дегенін есте ұстап, білгенімізді ортаға салдық. Сонымен бірге, аталған жинақта өзінің құрылымы және мазмұны жағынан орта мектеп бағдарламасына сай келетін сұрақтардың барын елемеу әділдік болмас еді. Қалай болғанда да «сын түзелмей, мін түзелмейді» деген қағиданы еске түсіріп, әуелі осал жақтарымызды түзетіп алсақ, қалғаны ешқайда қашпас.

Мақала авторының бұл пікірі әншейін байбалам, бұл жерде проблема жоқ, себебі тест тәсілінің тиімділігі кімнің кім екендігін екшеп шығарды деушілерде табылып қалар. Жалпылама қисын (логика) тұрғысынан алғанда талапкерлердің білім деңгейін анықтаудың әмбебап жүйесі аталып жүрген тестілеу әдісінің тиімділігі туралы уәжбен келісуге болады. Ал, біздің қозғап отырғанымыз тест тәсілі жөнінде емес, тест сұрақтарының сапалық мазмұны төңірегінде екенін оқырман өзі аңғара жатар.

Мақаламызды аяқтап келе айтарымыз автор бұрынғы мақаласында жасаған өз қорытындыларын бұл жолы да негіздеуі, яғни қайталауы әрине, кездейсоқ емес. Себебі, «ескі» жинақпен «жаңа» жинақтағы кемшіліктер өте ұқсас.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж.Жақсығалиев «Қазақ тарихы» журналы 2000. №2., 3-7 бет.
2. Қазақстан тарихы пәнінен тест тапсырмалары. А., «Атамұра», 2000, 228 б.
3. Ж.Касымбаев История Казахстана. 9-класс. 1995, § 2. 13-бет.
4. Ж.Жақсығалиев «Жас Алаш» газеті. № 78, 29 маусым 2000 ж. 4-бет
5. Қазақстан тарихы очерктері. А., «Дәуір», 1994,
6. Д.Бабаев Қазақстан тарихы. 8-сынып А., «Рауан» 1994. 3-бет.
7. К.Байпақов, Б.Е.Көмеков, Ж.А.Пищулина. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы. 7-8 сынып. Алматы «Рауан» 1995. 96-бет.
8. Ж.Жақсығалиев Тест тәсілін күрделілендіру. «Ұстаз» журналы 2(4) 1999. 65-68 бет.

УДК 37.013.77:159.922.6

САРСЕНБАЕВА Б.И.

Психологический портрет современного студента

Студенчество – особая социальная категория, специфическая общность людей, организационно объединенных институтом высшего образования. Исторически эта социально-профессиональная категория сложилась со времени возникновения первых университетов в XI-XII вв. Студенчество включает людей целенаправленно, систематически штудирующих знания, овладевающих ими, занятых, как предполагается, усердным учебным трудом.

Психологический портрет современного студента

Студенчество является резервом интеллигенции. Оно ближе всего стоит к ней, и именно поэтому так важна правильная профессиональная и социальная подготовка студентов – будущих руководителей производства, образования, бизнеса, искусства и т.д. на всех уровнях.

Студенчество как социальная группа характеризуется профессиональной направленностью, сформированностью отношения к будущей профессии. И здесь важны два момента – правильность профессионального выбора и адекватность и полнота представления студента о выбранной профессии. Последнее включает знание тех требований, которые предъявляет профессия. Результаты многолетних исследований свидетельствуют, что уровень представлений студентов о профессии (адекватно - неадекватно) непосредственно соотносится с уровнем его отношения к учебе: чем менее полное представление о профессии у студента, тем меньше выражено у него положительное отношение к учебе. При этом утверждается, что большинство студентов тем не менее положительно относится к учебе.

В социально-психологическом аспекте студенчество по сравнению с другими группами населения должно отличаться наиболее высоким образовательным уровнем, наиболее активным потреблением культуры, наиболее высоким уровнем познавательной мотивации.

В то же время студенчество – это социальная общность, характеризующаяся наивысшей социальной активностью и достаточно гармоничным сочетанием интеллектуальной и социальной зрелости. Учет этой особенности студенчества должен лежать в основе уважительного отношения преподавателя к каждому студенту – партнеру педагогического общения, интересной для преподавателя личности. В русле личностно-деятельностного подхода, студент рассматривается не в качестве пассивного объекта обучения, а как активный субъект педагогического общения. Студенту присуща специфическая направленность познавательной и коммуникативной активности на решение конкретных задач.

Одновременно самой формой работы стимулируется открытость, доверительность, объективность и принципиальность общения со студентами. В то же время у студентов развиваются коммуникативные умения, в реализации которых студенты испытывают большие затруднения. В условиях осуществления социально ориентированного учебно-педагогического общения студенты чувствуют затруднения и из-за непривычности публичных выступлений (49%), и из-за ощущения несоответствия того, что происходит, интуитивно сложившемуся представлению о том, как это должно быть, и из-за скованности жестов, движения, общего поведения, которое ранее было естественным (71%).

В социально-психологической характеристике студенчества важно также учесть, что эта пора развития человека, этот этап его жизни соотносится с формированием относительной экономической самостоятельности, отходом от родительского дома и образованием собственной семьи. Студенчество – центральный период становления характера и интеллекта личности в целом. Это время спортивных рекордов, художественных, технических и научных достижений. Студенчество – период интенсивной и активной социализации человека, что также должно быть учтено преподавателем в

проблематике и приемах организации педагогического общения.

Студенчество – это особый возрастной период поздней юности – ранней зрелости, период от 17 до 25 лет. «Большинство исследователей описывает процесс развития человека в этом возрасте как непрерывное нарастание функциональной работоспособности и продуктивности, динамики прогрессивного движения без каких-либо понижений и кризисов, даже без стабилизации функций. Несомненно, в студенческом возрасте имеются наибольшие возможности развития: именно в этом возрастном диапазоне расположены чувствительные периоды, которыми еще недостаточно воспользовались при обучении. В сложной структуре этого периода развития моменты повышения одной функции (лики, или оптимумы) совмещаются не только с моментами стабилизации, но и понижения других функций». Такова общая психофизиологическая характеристика студенческого возраста. В этом возрасте наиболее интенсивно происходит процесс регулирования, накопления, сохранения, логического переструктурирования получаемых знаний, их проецирование на практическую деятельность.

Обучение в ЗКГУ, способствуя структурообразованию его интеллекта, в то же время основывается на особенностях его функционирования. Так, было показано, что в студенческом возрасте возрастает роль фактора внимания (в 18-21 год он занимает 4-ое место по числу мощности корреляционных связей, а в 20-25 лет – уже 2-ое). 18-21 год характеризуется наименьшим объемом внимания, повышением уровня его концентраций. Усиление устойчивости внимания повышается с 22 лет. Это свидетельствует о важности целенаправленной работы над организацией внимания студентов в учебном процессе. Развитие мышления и памяти находится в тесной и не прямой зависимости. В 19-24 года мнемические функции опережают логические, а в 20, 23, 25 лет отмечается обратная картина. В 22 года и 26 лет наблюдается снижение показателей обеих функций. 18-19 лет характеризуются относительной стабилизацией мыслительных функций. Полученные данные свидетельствуют о том, что студенческий возраст – это пора сложнейшего структурирования интеллекта, которое очень индивидуально и вариативно. Следовательно, учебные задания всегда одновременно должны иметь два плана – понимание и запоминание, осмысление и структурирование в памяти студента усваиваемого материала. Такая постановка вопроса уже находит отражение в целом ряде учебников, учебных пособий, разработок, где отличается неразрывность осмысления, понимания и закрепления учебной информации в памяти студентов в процессе решения проблемных задач. Активизация познавательной активности студентов не должна быть самоцелью, она должна постоянно сопровождаться организацией запоминания.

Студент выступает в качестве субъекта учебной деятельности, которая прежде всего определяется мотивами.

Многие исследователи считают, что два типа мотивов характеризуют преимущественно учебную деятельность – мотивация достижения и познавательная мотивация. Последняя является основой учебно-познавательной деятельности человека. Соответствуя самой природе его

Психологический портрет современного студента

мыслительной деятельности. Она возникает в проблемной ситуации и развивается при правильном взаимодействии и отношении студентов и преподавателей. В обучении мотивацию достижения надо подчинить познавательной и профессиональной мотивации.

Во время обучения в вузе должна сформироваться прочная основа трудовой, профессиональной деятельности. Усвоенные в обучении знания, умения, навыки выступают уже не в качестве предмета учебной деятельности, а в качестве средства деятельности профессиональной (А.А.Вербицкий, Т.А.Платонова). Однако результаты опросов показывают, что у некоторой части студентов не было мотива интереса к профессии при выборе вуза, ряд студентов не уверены в правильности выбора или отрицательно относятся к будущей профессии.

По характеру осуществления учебной деятельности студенты как ее субъекты могут быть отнесены к одной из четырех выделенных групп, на основе особенностей планирования собственной деятельности, постановки целей, самооценки, избирательности, профессиональной направленности, мотивированности и др. При этом определение мотивационной обеспеченности студента является одной из насущных задач обучения, которую предлагается решать даже на уровне мотивационного отбора, дополняющего экзаменационный отбор.

Существенным показателем студента – субъекта учебной деятельности – служит его умение осуществлять все виды и формы этой деятельности. Однако результаты специальных исследований показывают, что большинство студентов не умеют слушать и записывать лекций, конспектировать литературу. В большинстве случаев записывается только 18-20% лекционного материала. Студенты не умеют выступать перед аудиторией (28,8%), вести спор (18,6%), давать академическую оценку проблем (16,3%). На материале исследований было показано, что 37,5% студентов стремятся хорошо учиться, 53,6% не всегда стараются, а 8% не стремятся к хорошей учебе. Но и у тех, кто стремится хорошо учиться в 67,2% случаев учеба не идет хорошо. Перед преподавателем возникает естественная психолого-педагогическая задача формирования студента как субъекта учебной деятельности. Это предполагает прежде всего необходимость обучения его умению учиться планировать, организовывать свою деятельность. Подобная постановка вопроса требует первоначального определения самих учебных действий, которые необходимы для успешной учебы, программы их выполнения на конкретном учебном материале и четкой организации упражнений по их формированию. При этом образец выполнения этих действий должен демонстрировать сам преподаватель, влияние которого особенно важно в адаптационный период обучения на I курсе.

Глубокие научные знания, педагогическое мастерство, дидактичность, человечность и объективность педагогического общения – вот условия, катализирующие формирование студенческого самосознания, способствующие успешности его учебной деятельности.

Необходимо подчеркнуть важность учета преподавателем вхождения человека в роль студента, объективных сложностей адаптационного периода

учебной деятельности и влияние на характер протекания адаптации ценностных ориентаций человека, его мотивации и таких его психологических индивидуальных свойств, как тревожность, эмоциональность и др.

Рассмотрение студента как социально зрелой личности, носителя научного мировоззрения предполагает учет того, что мировоззрение есть не только система взглядов человека на мир, но и (а это очень важно) на свое место в мире. Другими словами, формирование мировоззрения студента означает развитие его рефлексии, осознание им себя субъектом деятельности, носителем определенных общественных ценностей, социально полезной личностью. Это, в свою очередь, означает для преподавателя необходимость усиления диалогичности обучения, специальной организации педагогического общения, создания для студентов условий возможности отстаивания своих взглядов, ценностных ориентаций, целей, жизненных позиций в процессе учебно-воспитательной работы. При этом очевидно, что учиться, осознавать себя, осмысливать свою жизненную позицию легче в «школе мышления», а не в «школе памяти». Это положение соотносимо с современными тенденциями высшего образования в Республике Казахстан.

УДК 378.1+808.5

ҚЫДЫРШАЕВ А.С.

Жоғары оқу орындарында шешендік өнер негіздерін оқыту мәселелері

«Риторика» сөзінің сан ғасырлар бойы қалыптасқан шын мәніндегі мағынасы жуық аралықта ғана қайтарылды. Бұған көп уақыт та бола қойған жоқ. Тек соңғы жылдары ғана біз оны шешендік өнер теориясы мағынасында қабылдай бастадық. Ұзақ уақыт бойы ол көбіне-көп «мағынасы аз әдемі сөз» ретіндегі ауыспалы мағынасында қолданылды. Мәселен, Ресейде сөйлеудің жалпы қағидалары (жалпы риторика) мен сөйлеу өнерінің жекелеген түрлері мен тектерінің заңдылықтары (жеке риторика) туралы ғылым ретіндегі шешендік өнерді көзге ілмеу, одан алшақтау ХІХ ғасырдың 2-жартысынан басталған. Тұрасын айтқанда, ғасыр соңына қарай шешендік өнер пәні оқу бағдарламаларынан шығарылып тасталды. Көп кешікпей осының салдары ретінде қоғамның сөйлеу мәдениетінің деңгейі шұғыл төмендегені анықталды. ХХ ғасырдың 20-30-жылдары академик В.В. Виноградов шешендік өнерден бас тартудың себебін қарастыра келе, оны ғылым ретінде қайта қалыптастыру керектігін қолдады (198-120). Алайда бұдан кейін де сан жылдар бойы шешендік өнер қоғам үшін «қажетсіз»

қалпында қалды. Негізінен шешендік өнер идеологиялық насихаттың құралы ретінде қарастырылды, ал көпшілік алдында сөйлеу мәселесін жан-жақты қамтитын әдебиеттерді оқып-үйрену тек кәсіби лекторлардың еншісіне ғана тиді. Бұған дәлелдің бірі - көптеген гуманитарлық, техникалық жоғары білімді адамдардың шешендік өнерге ие болуы былай тұрсын, көбіне өз ой-пікірін түсінікті де байланысты қалыпта білдіре алмауы.

Салыстырмалы тұрғыда алғанда шешендік өнерден алшақтау, аулақтау батыс елдеріне де тән. Дегенмен ХХ ғасырдың 50-60- жылдарының өзінде-ақ АҚШ-да, Батыс Еуропа елдерінде ғылым және оқу пәні ретінде шешендік өнердің жандануының, қайта дамуының, өркендеуінің белсенді үрдісі басталды. Ал Қазақстанның білім беру жүйесінде ол әлі де берік орын ала алған жоқ. Мамандардың пікіріне жүгінсек, шешендік өнердің тарихы мен теориясы мәселесімен айналысатын мектепте және университеттерде шешендік өнерді оқытудың батыстық тәжірибесінің пайдалы тұстары да аз емес. Аталмыш ілімнің өзіндік рөлін жете бағаламаудың ақыры бізде (мәселен, АҚШ-нан айырмамыз) мықты «шешен тұлғалардың» қалыптаспауына, болмауына, жоғалуына әкелер еді. «Шешен тұлға» ұғымының мазмұны өз құрамына дәстүрлі түрде «тілдік қабілет-қарым, білік-дағды жиынтығын, күрделілік дәрежесі әр қилы сөйлеу сәттерін жүзеге асыруға әзірлікті» қамтиды (2, 29). Сондай-ақ мықты «шешен тұлғаның» негізгі сипатына мәліметтік бай қор мен оны үнемі молықтыруға ұмтылыс және сөйлеу мәдениетінің жоғарылығы қатысты (3, 12).

Соңғы жылдары қазақ елінде де әлдеқашан ұмыт болған ғылым, өнер саласына деген дұрыс көзқарас қалыптасып, бірте-бірте онды өзгерістер ербұде екендігін жоққа да шығара алмаймыз. Бұл заңды да, себебі тілдік қатынастың барлық түрлерін игерген жоғары мәдениетті адамдарға қоғам қажетсінуі айқын аңғарылууда. Қайта оралған «тиімді коммуникацияның жағдайы мен формасы туралы» (4,364) шешендік өнер ғылымы қоғамдағы сөйлеу мәдениеті деңгейін көтеру мен мықты «шешен тұлғаларды» тәрбиелеу мәселесін шешу жолдарын ұсынуы тиіс.

Шешендік өнердің қайта оралу үрдісі гуманитарлық білім беру жүйесінде ендігі сезіле бастағаны ақиқат. Төменгі сынып оқушылары үшін ғана емес, гуманитарлық профильдегі гимназия, лицей, мектеп шәкірттеріне арналған арнайы оқу құралдарының пайда болуы оған дәлел (5;6;7;8;9;10). Десек те, шешендік өнердің гуманитарлық, техникалық оқу орындарының міндетті пәндерінің біріне айналуы әлі де аз мерзімді керек етпейтіні де даусыз. Мәселен, жаратылыстану-математикалық циклдегі пәндерді тереңдетіп оқытып-меңгерту бағытын ұстанған білім ордаларының оқу бағдарламаларында шешендік өнерге орын табылмай отыр. Сол себептен де физика-математика мектептерінен техникалық жоғары оқу орындарына түскен студенттердің шешендік өнер негіздерінен бейхабар болуы заңды да. Ал қазіргі таңда мұндай білімнің қажеттілігі айдай анық. Техникалық білім ордаларының студенттеріне жүргізілген анкеталық сұрақтардың жауаптарына сүйене айтар болсақ, сұралған 123 бірінші курс студенттерінің 102-сі (83 %) техникалық жоғары оқу орындарының бағдарламасына «Шешендік өнер негіздері» курсының енгізілуін қолдауы көп нәрсені

аңғарса керек-ті. Бүгінгі таңда баса ескерер ерекше түс – егер де адамның жалпы мәдени деңгейі жеткілікті дәрежеде жоғары болса ғана, жинақталған кәсіби білім мен дағды жемісті жетістікке жеткізе алатынын болашақ мамандардың терең түсінуінің қажеттігі. Соңғы жылдары білім саласын гуманизациялау мен гуманитаризациялау идеясының алғы лекке шығуының өзі осыны аңғартады. Бұған қоса жоғары мектеп оқытушылары арасында гуманитарлық және техникалық білімді интеграциялау қажеттілігі, оның жолдарын жинақтау белсенді талқылануда. Мәселен, И.Корниловтің «Инженерлерді даярлау жүйесі: әлеуметтік көрінісі» атты мақаласында мектеулік жоғары оқу орындарының жоғарғы курс студенттері, әскери-инженерлік академияның оқытушылары мен тыңдаушылары, өртүрлі мамандықтағы ғылыми қызметкерлер, инженерлер арасында жүргізілген анкеталық сұраудың қорытындылары жарияланған. Сұралғандардың 83,4 %-ы инженерлер үшін гуманитарлық білімнің маңыздылығын атап көрсеткен (11, 85). Инженерлік жұмыста математикалық, жаратылыстанушылық, техникалық және гуманитарлық (бөле-жара көрсетілді - А.Қ.) білімнің қатыстылығы туралы В.Никитаев өзінің «Инженерлік жұмыстағы техникалық және гуманитарлық білім туралы» атты мақаласында тілге тиек етеді (12,87-96).

Қазіргі қоғамның мәдени даму сатысы мамандардан «кең тұрғыда гуманитарлық қалыпта ойдана білуді, өнеркәсіптік өркендеу, даму заңдары бойынша кәсіби қимыл-әрекетті құра білу қабілеттілігін» (13,117) талап етеді. Дегенмен әңгіме арқауы «өз еңбегінің тиімділігін қамтамасыз ете білу үшін, инженер-техник саласы жұмыскерінің интеллектуальды өзіндік деңгейінің жеткілікті қалпына ие болуында» ғана емес (14,90). Сондай-ақ, осы ретте тек гуманитарлық білім ғана көпшілікке мәнді құндылықтарға жауапкершілік, танымдық тұрғыда өзіндік көзқарасты анықтау, жалпы мәдени хабардарлық, жекелік өзін-өзі актуализациялау сияқты жемісті ырғақтарды қалыптастыра алатынын ескеру артық емес (15,85-89).

Кейінгі жылдары көптеген гуманитарлық, техникалық жоғары оқу орындарында міндетті гуманитарлық курстардан (тарих, философия, мәдениеттану, саясаттану) өзге ғылым мен техника тарихы, өзара жекелік және іскерлік қатынас мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, шешендік өнер бойынша арнайы курстар енгізілуде. Біздің ойымызша, білім беру саласын гуманизациялау мен гуманитаризациялаудың басты бағыттарының бірі белсенді оқытудың формалары мен әдістерін жетілдіру (мәселен, оқыту үрдісінде субъектінің субъектіге қарым-қатынасы ұстанымын жүзеге асыру сияқты) болғандықтан да, жоғары оқу орындарының бағдарламасына шешендік өнерді енгізу мүмкіндіктің болу-болмауына қарай емес, ауадай қажетті де. Ендеше, сөйлеу өнерін оқыту аса керекті іс. Бұл ретте тек шешендік өнер ғана ескерілмеуі тиіс (бұл негізгі бағыттардың бірі ғана), соған қоса білім алушы қауымның тілдік ойлау әрекетін белсендіру бағытындағы үздіксіз жүргізілетін жүйелі де салмақты жұмыстарды есте ұстау абзал.

Соңғы тұста, мәселен, А.А. Вербицкий жобасымен талқыланып өзірленген белсенді даму үстіндегі контекстік оқыту концепциясы қызығушылық туғытуда. Зерттеуші пікіріне сүйенсек, оқытудың негізі өмір мен қимыл -

өрекеттің контексті болуы тиіс. Осыған орай «басты мақсат - нақты пәндік материал негізінде шығармашылық тұрғыда ойлауды дамыту қалпын үйлестірудегі қалыптасқан өндіріс пен қоғам жағдайын, кәсіби топтардың іс-әрекетін модельдеуден ғана тұрмайды» (16,15). Сондай-ақ, мәселе бірлескен іс-әрекет үрдісіндегі индивидуумдарға қатысты белгілі бір қатынастардың модельдерін жасау туралы да. Бұл сияқты қарым-қатынас іс-әрекеттің тегіне байланыссыз сөйлеу қатынасы үрдісінде қалыптасады, ал контекстік оқыту концепциясы негізінде жүзеге асырылатын шешендік өнердің рөлі баға жеткізгісіз.

Сөз болып отырған курс Батыс Қазақстан гуманитарлық университетінде алғашында 20 сағат көлеміндегі лекциялық және машықтық сабақтарды қамтыды. Әрине, аталмыш ілім саласы бойынша білім-білік дағдыларын қалыптастыруға бөлінген сағат мөлшерінің аздығы дәлелдеуді қажет етпейді. Ал кейінгі оқу жылдарында аталған курс белгілі шамада ұлғайып, 36 сағат көлеміндегі лекциялық және машықтық сабақтарды қамтыды. Алайда, біздің ойымызша, курс бойынша бөлінген жоғарғы сағат мөлшері де ғылым саласы үшін аздық етеді. Яғни, шешендік өнер ғылымы саласы бойынша біршама жан-жақты білім-білік дағдыларын студент бойына сіңіру үшін кемінде 68 сағаттық мөлшер ұсыну орынды да тиімді. Сондай-ақ қазіргі таңда аталмыш курс Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің барлық факультеттерінде де жүргізіліп, тәжірибеден өтуде.

Демек, бұл саладағы оқу - әдістемелік зерттеу жұмысының өзектілігі гуманитарлық жоғары оқу орындарының оқу бағдарламасында шешендік өнер сияқты жаңа пәннің пайда болуымен, соған сәйкесті жоғары оқу орындарының өзіндік ерекшеліктеріне толық сай келетін шешендік өнер негіздерін оқыту әдістемесі талдамаларының қажеттілігімен дәйектеледі.

Жалпы жоғары оқу орындарында шешендік өнерді оқытудың өзіндік ерекшеліктерін талдауда төмендегі қос қалтарысты бөле-жара ескеру тиімді дер едік.

Біріншіден, гуманитарлық университеттердегі филология, тарих және құқық факультеттерінен өзге, мәселен, болашақ физик-математик, экономист-информатик т.б. мамандықтары үшін шешендік өнер негізгі пән болып есептелмейді, сондықтан да студенттерге оның мән-мағынасы, алғашқы ретте, онша терең де емес. Дегенмен де бұл ретте алғашқы сабақтан бастап осы пәнге деген қызығушылықтың, ынта-қоюшылықтың арта түсуін баса айтуымыз қажет. Бұны негізгі пәндерді оқыту үрдісінде студенттердің өзіндік коммуникативті мүмкіндіктерін дамыту жағдайларының өлшеулі болуымен, яғни ол сабақтарда көбіне-көп шектеулі де шақтаулы, қатаң формула тілінің үстемдік құруымен түсіндіруге болар.

Екіншіден, шешендік өнер негіздерін гуманитарлық жоғары оқу орындарында даярланатын өзге мамандықтарға қарағанда, экономика-информатика, физика-математика бөлімдері студенттері жеңіл әрі тез меңгере алуы тиіс. Бұл сияқты тұжырым шешендік өнерді сөйлеудің сыртқы құрылымын ұйымдастыру ғана емес, сонымен бірге жалпы алғанда барлық ойлана сөйлеу үрдісінің технологиясы ретінде қарастырсақ, мүлдем қарама-қайшы да көрінбейді. Ғалымдар Е.А.Юнина мен Г.М.Сағач «Жалпы риторика» (17) еңбегінде қазіргі шешендік өнерге тап осы көзқараспен

ҚЫДЫРШАЕВ А.С.

қарауды ұсынады. Біз де өз зерттеуімізде осы іспеттес көзқарасқа сүйендік. Ендеше ойлана сөйлеу үрдісін ұйымдастыру технологиясы ретіндегі шешендік өнер мөнін төмендегі формула айқын аңғартады:

$$\text{Ш} = \text{К} + \text{А} + \text{С} + \text{Т} + \text{С}_1 + \text{ТК} + \text{ЖТ}$$

Мұндағы Ш - шешендік өнер; К - концептуальды заң; А - аудиторияны модельдеу заңы; С - стратегиялық заң; Т - тактикалық заң; С₁ - сөйлеу (тілдік) заңы; ТК - тиімді коммуникация заңы; ЖТ - жийелі талдау заңы (17,33).

Бөлшектемей айтсақ, антикалық дәуірде қалыптасқан риторикалық заңдарға ешбір қарама-қайшы келместен шешендік өнердің ұсынылып отырған математикалық интерпретациясы аталмыш ғылымның қалыпты жүйелі табиғатын анық аңғарып көруге мүмкіндік береді. Ал осы орайлас жүйе белгілі бір деңгейде гуманитарлық, техникалық жоғары оқу орнының студенттеріне шешендік өнерді оқытуды (әсіресе, бастапқы кезеңде) жеңілдетіп, олардың «тілінде» өңгіме жасауға септеседі, жағдай туғызады. Ендеше, шешендік өнер пәні гуманитарлық және техникалық жоғары оқу орындарының оқу жоспарларына шектеулі тұрғыда енгізілуі тиіс. Осы орайда оның жалпы ойлана сөйлеу үрдісінің технологиясы және кез-келген аудиториямен барлық деңгейде қатынас жасауға қажетті икем-дағдыларды беретін пән ретіндегі прагматикалық аспектісін жоғарылату керек-ақ. Айналып келгенде жоғарыда атап көрсетілген жоғары оқу орындарында шешендік өнер негіздерін оқытудың өзіндік ерекшеліктерін айқындайтын мәліметтер, осы саланың арнайы әдістемесін жасаудың аса қажеттілігін дәлелдейді.

Жинақтай айтсақ, осы орайдағы ғылыми - әдістемелік зерттеу жұмысының мақсаты гуманитарлық жоғары оқу орнында шешендік өнер негіздерін оқытудың ерекшеліктерін көрсету, ұстанымдарын анықтау; осының негізінде гуманитарлық жоғары оқу орны үшін «Шешендік өнер негіздері» курсы бағдарламасының нұсқасын талқылап әзірлеу; оқытудың бірден-бір тиімді формасы мен әдістерін анықтау, ғылыми негіздеу және тәжірибелік сынақтан өткізе отырып тексеру болмақ. Ал гуманитарлық жоғары оқу орнындағы «Шешендік өнер негіздері» курсы төмендегі жағдайларға бірден-бір септесері анық:

1. Шешендік өнерге «технология» ретінде қарауды жүзеге асыру үрдісінде студенттердің ойлана сөйлеу әрекетін ұйымдастыру дағдыларын қалыптастырады.

2. Жалпы мәдени дәрежесі негізінде студенттердің сөйлеу мәдениетінің деңгейін көтереді.

3. Риторикалық заңдар мен қағидалар туралы білім негізінде тиімді коммуникация дағдыларын қалыптастырады (бұның ішінде көпшілік алдында сөйлеу дағдылары да бар).

4. Кәсіби іс-әрекетте жетістікке жетудің негізгі алғы шарты ретінде өзара және іскерлік қатынастың машықтық дағдыларын дамытады.

Әрине, зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін төмендегі негізгі міндеттердің шоғырын шешуді керек етеді деп білеміз:

1) Шешендік өнерді оқытудың әдістемелік және лингвopsихологиялық

Жоғары оқу орындарында шешендік өнер ...

негіздерін оқып-үйрену және жүйелеу;

2) Шешендік өнер мен сөйлеу мәдениеті бойынша жоғары оқу орындарына арналған қолда бар бағдарламаларды егжей-тегжейлі талдау;

3) Гуманитарлық жоғары оқу орнының бірінші курс студенттерінің бастапқы кезеңдегі риторикалық дағдыларды (сөйлеу мәдениеті деңгейі де) меңгеру деңгейін анықтау;

4) Гуманитарлық жоғары оқу орнында шешендік негіздерін оқытудың әдістемелік жүйесін талдап әзірлеу және тәжірибе (эксперимент) арқылы тексеру; шешендік өнерді оқытудың өзіндік ұстанымдарын топтап жүйелеу және ғылыми негіздеу; жұмыс формалары мен әдістерін жіктеу, сипаттау;

5) Гуманитарлық жоғары оқу орнына арналған «Шешендік өнер негіздері» курсының бағдарламасын талдап әзірлеу, курс сабақтары үшін дидактикалық жадығаттарды іріктеу;

6) Ұсынылған шешендік өнер негіздерін оқыту әдістемесінің тиімділігін оқу эксперименті барысында тексеру, оның нәтижелерін статистикалық сағыда електен өткізу және әдістемелік тұрғыда саралау.

Сөзсіз осы реттегі зерттеу жұмысының методологиялық негізі ретінде психологияның ойланып сөйлеу әрекеті аймағындағы зерттеулерді (Л.С. Выготский, Н.И. Жинкин, А.А. Леонтьев, И.А. Зимняя, Т.Н. Ушакова т.б.), шешендік өнер бойынша классикалық еңбектерді (Аристотель, Цицерон, Квинтилиан, М.В. Ломоносов, Н.Ф. Кошанский А.Байтұрсынұлы, Ә.Маметова, Б.Адамбаев т.б.), шешендік өнердің қазіргі концепциялары туралы талдауларды (Н.А. Безменова, С.И. Гиндин, А.К. Михальская, Е.А. Юнина, Г.М. Сагач, М.Р. Қондыбаева, С.Негимов, М.Жармұхамедұлы т.б.), сондай-ақ шешендік өнер мен сөйлеу мәдениетін оқыту әдістемесіне қатысты зерттеулерді (М.Т. Баранов, Т.А. Ладыженская, М.Р. Львов, Т.И. Чижова, М.Балақаев, Р.Сыздықова т.б.) алу орынды.

Қазіргі таңда осы орайдағы ғылыми – зерттеу жұмысын қолға алуда мына мәселелерді айқындау міндетті:

1) Гуманитарлық жоғары оқу орнындағы “Шешендік өнер негіздері” курсының сабақтары тиімді коммуникацияның дағдыларын қалыптастыруға, студенттердің жалпы мәдени дәрежесіндегі сөйлеу мәдениеті деңгейін көтеруге, өзара және іскерлік қатынастағы машықтық дағдылардың дамуына септесетіні, жағдай жасайтыны дәлелденіп, әдістемелік жүйе талданып әзірленуі тиіс (мазмұны, әдістері, оқыту құралдары).

2) Гуманитарлық жоғары оқу орнының оқу үрдісінде шешендік өнерді оқыту әдістемесінің өзіндік ұстанымдары, әдістері және жұмыс амалдары нақтыдануы және ғылыми негізделуі қажет.

3) Гуманитарлық жоғары оқу орны студенттеріне шешендік өнер негіздерін оқытуда жаттығулар жүйесі әзірленіп, оларды әртүрлі кезеңде орындаудың рациональды бірізділігі, жүйелігі анықталуы тиіс.

4) Шешендік өнер негіздерін оқыту барысында эмпиризм (адам баласының тәжірибесіне ғана негізделген) жолымен жұмыстың тиімді формалары тәжірибе арқылы анықталуы тиіс (лекция-диалог, семинар-дискуссия, коммуникативті ойын және т.б.).

Бұл сияқты зерттеудің теориялық мәні жеке адамның коммуникативтік мүмкіндіктерінің даму үрдісінің лингвистикалық, психологиялық, әдістемелік аспектілерінің түйінделуімен, гуманитарлық жоғары оқу орнында шешендік өнерді оқыту әдістемесінің ғылыми негізделуімен, шешендік өнерді оқытудың өзіндік әдістерінің жіктеліп ұсынылуымен құнды болмақ.

Сөзімізді жинақтай келе төмендегідей қағидалы тұжырымдарды айта алар едік:

1) Студенттердің жалпы мәдени дәрежесінің аясындағы сөйлеу мәдениетін көтеруге бағытталған гуманитарлық жоғары оқу орнында шешендік өнер негіздерін оқытудың арнайы әдістемесі ауадай қажет.

2) Шешендік өнер негіздерін оқытуды тиімді коммуникация дағдыларын қалыптастыруға, сондай-ақ болашақ кәсіби іс-әрекетінде жетістіктерге жетудің басты жағдайы ретінде өзара және іскерлік қатынастағы машықтық дағдыларды дамытуға септесетін арнайы әзірленген әдістеме базасында жүргізу керек-ақ.

3) Шешендік өнер негіздеріне оқытуды студенттермен жүргізілген экспериментальды жұмыстың сапалы нәтижелері арқылы тиімділігі анықталған арнайы іріктелген әдістердің, жұмыс амалдары мен формаларының көмегімен жүзеге асыру қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Виноградов В.В. *О художественной прозе* // Виноградов В.В. *О языке художественной прозы*. - М.: Наука, 1980. - 98-120 - с.
2. Караулов Ю.Н. *Русский язык и языковая личность*. - М.: Наука, 1987. - 263 с.
3. Безменова Н.А. *Очерки по теории и истории риторики*. - М.: Наука, 1991. - 213 с.
4. Гиндин С.И. *Риторика и проблемы структуры текста* // *Общая риторика: Пер. с фр. Дюбуа Ж. и др.* - М.: Прогресс, 1986. - 355-364 - с.
5. Введенская Л.А., Павлова Л.Г. *Культура и искусство речи*. - Ростов-на-Дону: Феникс, 1995. - 576 с.
6. Кохтев Н.Н. *Риторика*. - М.: Просвещение, 1994. - 207 с.
7. Львов М.Р. *Риторика. Учебное пособие для учащихся ст. кл. средн. уч. заведений*. - М.: Изд. Центр «Academia», 1995. - 256 с.
8. Михальская А.К. *Основы риторики: Мысль и слово*. - М.: Просвещение, 1996. - 416 с.
9. Негимов С. *Шешендік өнер*. - А.: Ана тілі, 1997, 208 б.
10. Жармұхамедұлы М. *Шешендік өнер*. - А.: Мұраттас, 1998, 255 б.
11. Корнилов И. *Система подготовки инженеров: социологический ракурс* // *Высш. обр. в России*, 1996. - № 2. - 79 - 87 - с.
12. Никитаев В. *О техническом и гуманитарном знании в инженерной деятельности* // *Высш. обр. в России*, 1996. - № 2. - 87-96 - с.
13. Груздев Г., Груздева В. *Педагогическая технология эвристического типа* // *Высш. обр. в России*, 1996. - № 1. - 117-121 - с.

14. Буглаев В., Лагерев В. Концепция гуманитарно-технической подготовки выпускников инженерного вуза // Высш. обр. в России, 1996. - № 1. - 89-92 с.
15. Розов Н. Ценности гуманитарного образования // Высшее образование в России, 1996. - № 1. - 85-89 с.
16. Вербицкий А.А. Человек в контексте речи. - М.: Знание, 1990. - 63 с.
17. Юнина Е.А., Сагач Г.М. Общая риторика. - Пермь, 1992.
18. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. - А.: Жазушы, 1989, 320 б.
19. Маметова Ә.С. Қазақ шешен билерінің сөздері және қазақ әдебиетіндегі оның орны. Филол. Ғылым. канд. ... дисс., А., 1945.
20. Адамбаев Б. Шешендік өнер. - А.: Ғылым, 1999, 204 б.
21. Балақаев М. «Қазақ тілінің мәдениеті». - А.: Қазақстан, 1971.
22. Сыздық Р. Сөз құдіреті. - А.: Санат, 1997, 224 б.

ЛИТЕРАТУРО- ВЕДЕНИЕ

УДК 821. 512. 122

МУСАЕВ А.

Қазақ әңгімелеріндегі сатира поэтикасы

Әдеби процестің қазіргі кезеңдегі өскен деңгейі тұрғысынан қарасақ, сатиралық дәстүрлердің әдебиетімізде қалыптасқандығын байқаймыз. Ол өсіресе қазақ прозасының жетекші жанрларының бірі - әңгімеде молынан кездеседі. 60-90 жылдардағы сатиралық дәстүрді дамытушылар қатарында Т.Әлімқұлов, Ә.Тарази, Д.Исабеков, М.Мағауин, Е.Домбаев, Т.Нұрмағамбетов, М. Қаназов, Ә. Сәрсенбаев, М. Байғұтов сияқты жазушылар бар. Олардың шығармалары өздерінің терең психологизмімен, өмірдің сан қырын қопарып ашуыменен, адам жанының нәзік иірімдерін тап басып жарқырата көрсетуіменен, жақсылық пен жамандықтың бітіспес тартысын қонымды көрсетуімен есте қалады.

Әдебиет - дүниенің сырт бейнесін ғана көрсететін айна емес, шындық болмыстың ішкі процестерін, бір байқағанға білінбейтін - адамдардың ойларындағы, сезімдеріндегі құбылыстарды аңғартатын рентген айнасы. Ол жай суреттеп қоймайды, олардың табиғат жаратылысын тексереді, туу, қалыптасу жолын зерттейді, бет алу, өзгерту процестерін барлайды.

Замандас бейнесі дегенді әлі біржақты түсінушілік бар. Біздіңше, қиындық та, біздегі зор кемшілік те өмірді өзінің сан түрлі бояуымен көрсете алмауымызда. Тек, ақ бояу, қара бояумен жұмыс істеуден жалығатын кез жетті. Үлкен суретші аталу үшін тек үлкен таудың, үлкен заводтың суретін салу шарт емес. Кішкентай мөлдір бұлақтың, оның жағасында өсіп тұрған жалғыз тал қызғалдақтың суретін келістіріп салып та үлкен суретші атануға әбден болады. Тоғышарлық кейінгі кезде болмаса, соңғы он бес - жиырма жылда пайда болған құбылыс емес. Олай дейтініміз, оған қарсы әр кезеңде өмір сүрген адамзат ақыт-ойының алыптары аяусыз соққы беріп отырған. Көрнекті орыс ойшылы Г.В.Плеханов «Идеология мещанина нашего времени» деген атақты философиялық еңбегінде мещандық тоғышарлық құбылыстың туу себептерін тарихи тұрғыдан талдау жасай келіп, оның кез-келген кемелдікке ұмтылған қоғамның рухани дамуына тигізетін кесапат әсері мен әлеуметтік залалды зардаптарын ашып көрсетеді. Біз айтып отырған тоғышарлық о бастан-ақ іштей де, сырттай да жақсылыққа қарап жанкештілікпен күресіп келе жатқан зымыян күш. Біз олардың қатарына: тамыр-таныстық, мансапқұмарлық, төрешілдік, бастаманы түншықтыру, өсіре белсенділік, көзбояушылық, екіжүзділік, паракорлық, өзімшілдік, сән-салтанат қуушылық, үрейшілдік, жайбарақаттық, әділетсіздік, тұрпайылық, принципсіздік сияқты түрлерін жатқызсақ, белгілі сыншы С.Әшімбаев:

“Көзқарастағы тайыздық, дүниетанымдағы дүмшелік, сезімдегі желбуаздық, ниеттегі арамдық пен ашкөзділік, көңілдегі көрсоқырлық пен пейілдегі тарлық, көкейдегі тойымсыздық, жүрістегі сұйықтық, позициядағы самарқау бейтараптық, әрекеттегі жалтақтық, қарым-қатынастағы есеп пен пайдакүнемдік, сенімдегі немқұрайлылық ...” тарды (1) жатқызады. Шындығында, осының бәрі де тоғышарлық аурудың басты-басты симптомдары.

Ал, қазіргі нарық заманының қыспағы қысқан сайын олар бұрынғыдан да аяр болар түсері хақ. Тек шебер қорғана да білмей, шебер шабуылдай да біледі. Бұл жолда ол ең ізгі, ең жаңа принциптер мен ұрандарды бетперде қып пайдалана алады. Екіжүзділік пен көлгірліктің, ыңғайпаздық пен күнбағарлықтың шырқау шегіне жеткен осы заманғы тоғышарлық өз гүмырын ұзарту жолында неден болса да тартынбайды. Ең алдымен жас жеткіншектердің, жаңа ұрпақтың санасынан мықтап орын тебуге ұмтылады.

Тоғышарлықты қоғам дамуындағы әлеуметтік қауіпті құбылыс санап, оған қарсы күресте суреткерлік-азаматтық өмірдің ең жоғарғы мәні деп білген ұлы орыс жазушылары А.П. Чехов пен А.М. Горькийдің орындары өзгеше көрінеді. Олардың әңгімелеріндегі тоғышарлыққа қарсы бағытталған ерекше көркемдікпен берілген гуманистік-адамгершілік терең тенденция бұл жазушыларды бүгінгі оқушыға да етене жақын-етжақын етіп тұрған эстетикалық факторлардың бірі.

Төл әдебиетімізде ұлттық мінезіміз бен психологиямыздағы, тіршілігіміздегі тоғышарлық қылықтарымызды өшкерелеп жүргендердің қатарына Ә. Тарази жатады. Жазушының «Асу асу» жинағына енген «Кәке» әңгімесімен әдебиетімізге алпысыншы жылдардың басында жаңа қалыптаса бастаған тоғышарлардың жаңа типі - Кірпішбайды алып келді. Бастан-аяқ ирониялық стильмен суреттей отырып кейіпкердің поэтикасын - оның мансапқорлығы арқылы ашады. Мансап жолында жанын беруге бар, тіпті қойнындағы әйелін де, «қылмыс» үстінде ұстап алса да, кейін қызметінен айырылатын болған соң «кешіре» салады. Мансап жолында осылайша әйелін «құрбан» ете отырып ілгері жылжиды. Жазушының кейінгі шығармаларында облыстық, республикалық мекемелердің жауапты қызметкері, не басшыларының бірі ретінде көрінетін Кірпішбай - қалай дегенде де уақыт тудырған тоғышарлықтың жаңа бейнесі, типтік бейнесі ретінде есте қалады. Ирония негізінен адамның жеке басының қорғаушысы ретінде де, мың құбылған өмір мен оны өзіне басыбайлы тәуелді етпек болған мемлекеттік механизмге қарсы өмір сүретін әрекеті ретінде де қалыптасты. Онда негізінен дүниеге сыни көзқарас жекенің қоғамға қарсылығы, мемлекеттік биліктегі әділетсіздікке, оның жойқын күшіне деген қарсылықты ерекше эстетикалық және шығармашылық әдіспен беру мүмкіндігі болды. Ирония-кемшілікті, мін-мүлтікті астармен пернелеп сынау, сықақтау, мысқылдап кекету. Ирония - жоқ жақсылықты өп-өтірік бар ету арқылы, әдейі сол жоқ нәрсенің орнын ойсырата көрсету, мазақ қыту, оның өзін астарлап, объектіні тәлкек ету, кері айтып келеке ету.

Соңғы жылдары қазақ прозасындағы жаңалық-сатира поэтикасында ирониялық бояудың молдығы дер едік. Иронияның ол шығармалардағы қолданылуы да әртүрлі. Біреуінде жазушы иронияны өз қаһарманына қолданса, біреуінде қаһарман өзін қоршаған ортаға, болмаса жазушы өтіп жатқан оқиғаға ирониялық көзқарасын білдіріп отырады. Әдеттегіден гөрі, аса ирониялық

рең Т.Әлімқұлов творчествосына тән. Жазушының «Ішін білсін», «Құлқын» әңгімелерінде кейіпкерлерінің құлқынның құлы екенін, өнерді халық игілігі үшін емес, өзінің жеке бас пайдасы үшін қажет деп білетін жан екенін танимыз. Т.Әлімқұлов тапқырлық көрсетуде қиялдан, ойдан қосып, жорамал жасап, әсерлеп шарттылыққа дейін барады. Сөйтсе де, көркемдіктің көп қырлы қасиетіне жауап бере отырып, шыншылдықты, сенімділікті, типтілікті, логикалық жүйені сақтайды. Жазушы шығармаларының үзілмей жалғасып келе жатқан қажырлы сатиралық сарынын байқаймыз. Қалжыңмен тілі шыққан, қалжыңмен өскен, уәжге ғана жығылатын, мысқылдап айтып үйренген қазақ мінезін ойлағанда, Т.Әлімқұловтың стильдік шеберлігінің бір қыры осы сарында ма деп топшылаймыз. Оның шығармаларының қай-қайсысында болмасын ұтымды уәж, кекті кекесін, ойып түсер ойнақы сөз мол кездеседі. Жазушы пендешілікті, осалдықты, жымсықы - зымияндықты, жалғандық жағымсыздықты әжуалап отырады. Адамдар арасындағы жақсылық пен жамандық неден басталып, неден аяқталатынын, қулық пен сұмдықтың қалайша өрбіп, өңезденіп жатарын, сөйтіп қабаттаса келіп қандайлық сыр, мазаққа айналарын, сезім жетегінде кеткенде адам піркіннің бойындағы шұғыл өзгерістердің неге бастап, нендей қиянға соғарын сезуге болғандай.

Әңгімедегі сатира поэтикасы кейде алға қойған нақты міндет, мақсатымен, идеясымен ажыратылады. Жанр таңдауға автордың икем, ыңғайы әсер етеді. Ол өзіне ыңғайлы сыр-қырына қанық, жазып төселген жанрын қалайды. Кейде жанр автордың стильдік тенденциясына қарай таңдалады. Сатира поэтикасына шартты сюжет оқыс шешімге қатты қиялымен өрлеп әсерлеуге жол беріледі. Бірақ сатира сюжетін фантазиялаудың да, кейіпкерлердің әрекетін шарттандырудың да шегі бар. Оның сюжеті сыйымды ситуациялардан тұруға, образдарды типті ортадағы, типті жағдайдағы типтік характерлер болуға тиіс.

Көрсетілген жылдары пайда болған әлеуметтік тозғындау элементтері қоғамның рухани көңіл-күйіне теріс әсер етті. Біздің халқымызға әрдайым тән болып, өзіміз мақтанш етіп келген асқақ адамгершілік қазыналарды - идеялық сенімділікті; еңбектегі энтузиазмды, ел сүйгіштік сезімдерді байқатпай мүжиді бастады. Қоғамдық істерге ынтаның кемуі, рухани жұтаңдық пен скептицизмнің пайда болуы, еңбектің моральдық стимулдары ролінің төмендеуі - осының сөзсіз салдары болды. Күнделікті шындық дүниесі мен жалған жылтырақтың дүниесі барған сайын бір-бірінен алшақтай берді. Зандарды аяқ асты ету, көзбояушылық пен парақорлық, жағымпаздық пен марапатшылдықты көтермелеу фактілері қоғамдағы адамгершілік ахуалына кесірлі ықпалын тигізді. Осындай зиянды тенденция Б. Тоғысбаевтың «Сый қонақ», С. Досымовтың «Институт филиалы», «Бәсеке», Ж. Түменбаевтің «00-07» әңгімелерінде көрініс тапты. Белгілі әдебиет теоретигі Ю.Борев: «В поэтике художественного произведения большую роль играет ракурс авторского взгляда, определенный угол зрения на происходящие события и действующих лиц. Автор выступает то всеведующим, то лицом, которому дано знать о событиях, но ничего неизвестно об их причинах и это становится поэтическим инструментом построения художественной реальности», - дейді (2). Бұл пікірдің жоғарыда аталған жазушылар творчествосына, оның көркемдік табиғатына қатынасы бар. Авторлар ауыл адамдарында жиі кездесетін бақайесеп, менмендік, іштарлық, көре

алмаушылық, көзге ілмеушілік, бәсеке сияқты жаман әдеттердің табиғатын ашады. Жазушы шығармаларында күлкі мөлшері кемелден асып жығылатын онша мол да емес. Әйтсе де, олардың негізі - ызалы, жиіркенішті, кекесінді күлкілер.

Қоғам аунап түскен кездегі қым - қуыт, аласапыран біздің санамызға сыйымсыздау, алабөтен күндер тізбегін туғызды. Бұл Қазақстандағы экономикалық өзгерістердің үйкен белесі - мемлекеттік кәсіпорындардың дербестік алып, өкімшілік басқару жүйесіне көзделген жоспарлы экономикадан буырқанған нарық теңізіне түскен кез еді. Сол тұста көп мекеме басшылары «қолыңнан келсе қонышынан бас» дегендей экономикалық басқару нәтижесін өз мүддесіне шеше бастады. Іс жүзінде ұзақ жылдар жиналған мемлекеттік дәулет талан - таражға түсті. Кәсіпорын, мекеме, кеншар жұмысшылары мен қызметкерлері өз тарапынан жымқырып қалу, жұмысқа селсоқ қараумен жауап берді. Мұның өзі қымыстың өршуін күшейтті. Соның барысында қоғамдық мал азайды, сатылды, ұрланды. Мәдениет ошақтары-мектептер, ауруханалар, бала-бақшалар, кітапханалар, мәдениет сарайлары жабыла бастады. Сөйтіп, берекесіздік бел алды. Сондықтан да, жаңа заман - өтпелі кезеңде жағымды идея, жағымды образ қалыптасып үлгерген жоқ. Алайда, өйтпелі кезеңде өтіп жатқан осындай келеңсіздіктер аз да болса біздің әдебиетімізде өз көрінісін тапты. М. Байғұтовтың «Бейшара», «Ақпандағы мысықтар», С. Асылбековтің «Күнбағыс алқабында», Л. Омарованың «Қырық бестегі қыз», «Ақ тайлақ», «Малтапқыш», «Түз адамы» әңгімелерінде нарық кезеңінің өткір проблемалары көтерілді.

М. Байғұтовтың «Ақпандағы мысықтар» әңгімесінде елімізде жүріп жатқан өзгерістердің халықтың рухани - әлеуметтік санасына, тұрмыс - тіршілігіне қалай әсер етіп жатқанын нанымды көрсетеді.

Жоғарғы оқу орындарының бірінің оқытушысы тұрмыс тапшылығынан, жалақының мардымсыздығынан ешқандай моральдық, материалдық қолдау көрмегендіктен базарға тұруға мәжбүр болғанын нанымды суреттейді. Оның алғашқы психологиялық халін жазушы былайша береді: «Бірде институт кафедрасында бірге істеген профессор кемпір бұдан қызанақ алды. Әуелгі кезде таныс кісілер келе қалса, бетінен оты лап етуші еді. Ал, профессор кемпір мұның алдына үшінші айда келіп тұрғандықтан, онша қызара қоймады. Профессор кемпір бұған қарап - қарап алды да қатты күрсінді. Күрсінгені түп-түгел өтірік еді. Егер апайының күрсінісін көкеніс тартатын таразысына салса, жалғандығы ап-анық аңғарылар еді. Ол кісі тіпті көзіне жас алмаққа өрекеттенді» (3). Осылайша басталған ирониялық рең бүкіл әңгіменің ұстынында ұсталған. Біздің бизаршымыз жолайырықта тұр. Ол уақыт ағысымен бірге аға отырып, осынау өмірде өзінің тағдырын анықтайды. Оған, әрине, басынан өтіп жатқан аласапыран уақыттың титізер әсері де мол болмақ. Ал, Л. Омарованың әңгімелері өкімшілік жүйе ене бастаған тұстағы алмағайып шақтың өрескел суреттерін береді. Автордың бір ерекшелігі, көп жағдайда оқырманның сезімталдығына, қабылдау дәрежесіне ден қояды. Не нәрсенің күлкілі, қолайсыз, керексіз екенін таптіштеп жатпайды. Бұл жайында орыс жазушысы Ю. Трифонов, «Вряд ли надо объяснять читателю, что эгоизм, корыстолюбие, желание нажиться - это дурные качества. Здесь писатель может просто опираться на развитие чувства, развития

представления читателя ... По этому иногда достаточно какой - то совершенно минимальной интонации, повышения или понижения голоса, а "читатель поймет ваше отношение» - деген еді (4) Л. Омарова әңгімелерінің көпшілігі сол дәрежеде жазылғанын мойындауымыз керек.

Қоғамдық өміріміздің дамуы, ондағы болып жатқан өзгерістер жазушыдан жаңа әдеби түр, жаңа көркемдік - эстетикалық көзқарастар тудыруды талап ететіні, күтетіні анық. Бұл орайда жазушыларымыз небір күрделі проблема, қайшылықтарды ишаралап, астарлап жеткізуде - иронияны басты стильдік қару етіп алды. Ирониялық прозадағы характер автор мен персонаждың ирониялық көзқарастарының түйіскен жерінен басталып, қалыптаса бастайды. Характердің қалыптасуына ирониялық ойлау жүйесімен бірге, сатира мен юмордың бүкіл құралдары қызмет етеді. Сондықтан да, прозадағы иронияны - өмірлік қатынастар мен материалдарды беру мен бағалауда, дүниеге сыншыл көзқарастарды қалыптастыруда көркем әдеби әдіс деп бағалағанмыз жөн.

Біз бұл арада көркем прозаның шағын жанры - әңгімедегі сатира мен юмор поэтикасында кездесетін сан қилы ерекшеліктерге, оның ішінде негізінен қоғамдық дамудағы тоқырау, қайта құру, бетбұрыс, нарық деп аталатын кезеңде жарық көрген туындыларға тоқталдық. Бұл кезеңде жазылған шығармалар мен олардың көркемдік жүйесінің басты ерекшелігі деп мыналарды айтар едік:

- бұл уақытта сатиралық емес прозадағы сатиралық әдіс жүйесінің дамуына даңғыл жол ашылды;
- сатирик - жазушыларымыз да, прозашыларымыз да қоғамның әлеуметтік - экономикалық өткір проблемаларын батыл көтерді;
- сатиралық өткірлеу құралдарымен қоғам дамуының саяси - әлеуметтік кемшіліктерін сынауға, әшкерелеуге қолайлы жағдай қалыптасты;
- сатираның тәрбиелік мәні артты, келеңсіз жағдайларды суреттеуде де жағымды күлкінің ролі көтерілді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық - Алматы, Жазушы, 1985, 232-б.
2. Борев Ю.Б. Эстетика - 4-е издания М., 1988, стр.157.
3. Байғұтов М. Ақпандағы мысықтар "Қазақ әдебиеті" газеті. 18-ақпан, 1997, 8-б.
4. Трифонов Ю. Как слово наше отзовется... - М., 1985, стр.250.

НУРАЛИНА Г.П.

Жанровое своеобразие романа У.Фолкнера «СВЕТ В АВГУСТЕ»

Интерес к проблеме литературных жанров и, в частности, к жанру романа особенно остро проявился в последние годы. В этой связи приведем ныне широко известное суждение М.Бахтина о том, что «жанровый костяк романа еще далеко не затвердел, и мы не можем предугадать всех его пластических возможностей» (1) Действительно, эта мысль имеет важное значение для исследования современного романа.

Сложные и многоплановые романы У.Фолкнера свидетельствуют о разнообразии творческих поисков писателя в области жанра. Трудность в изучении данной проблемы состоит в том, что творческая манера Фолкнера сложна и многообразна. Фолкнер отказывался определить какие-либо общие принципы, касающиеся формы или стиля. В ходе одной беседы Фолкнер сказал: «Я даю роману себя написать, не устанавливая принудительной длины или стиля». (2)

Нельзя, по-видимому, говорить об абсолютно единой манере, едином стиле фолкнеровских произведений. Его романы лишней раз убеждают в богатстве тематических и стилевых возможностей жанра. Фолкнер был убежден, что «сама тема, само повествование вызывают к жизни свой стиль; если тема глубоко волнует писателя, то он должен раскрыть ее, как может, должен сказать всю правду на этот раз, потому что следующего раза может и не быть»(3). Каждый роман, утверждал Фолкнер, требует своей формы.

«Иногда роман подсказывает с самого начала, как хочет, чтобы я его написал, и я писал книги за шесть недель; в другом случае я бился девять лет, поскольку не знал, как роман хочет, чтобы я его написал».(4)

Все это отражает сложность исканий писателя - не только в художественном, но и прежде в идейном плане. Так произошло и с романом «Свет в августе». Сложность затронутых в нем проблем продиктовала и сложную композицию романа, в котором сосуществуют несколько историй, почти независимых сюжетов. Однако, основная идея «человек выстоит», потому что способен на сострадание, жертвы и непреклонность» выражена уже в романе «Свет в августе», написанном в 1932 году.

Книга «Свет в августе» с ее многоплановостью, обилием сюжетных линий и сложными многосторонними связями является одной из лучших произведений У.Фолкнера.

Опыты и пробы Фолкнера в области современной формы романа приводили к разнообразным творческим результатам.

Анализ романа «Свет в августе» поможет выявить конкретную характеристику жанрового новаторства этого произведения. При исследовании

жанровых особенностей романа немаловажное значение имеют различия внутри романного-жанра. Однако до сих пор «мы не располагаем научно обоснованной классификацией, у нас нет общепринятых критериев для определения видовых различий внутри жанра», (5) писал Л. Якименко.

Картина американского романа «Свет в августе» довольно сложна, она трудно поддается классификации. И тем не менее недостатка в поисках, разного рода предложениях отнюдь не ощущается.

По интерпретации американского литературоведа Э. Моттрэма «Свет в августе» в некотором отношении является... пасторалью» (6).

Действие происходит в вымышленном графстве Йокнапатофа, что начинается на языке индейцев племени чикесо «медленно течет река по равнине». В романе сельское захолустье, бревенчатые хижины, керосиновые лампы; обувь - предмет городской «роскоши». Другой американский исследователь К. Брукс буквально повторил мнение предыдущего автора относительно жанра произведения «Свет в августе»; причем подчеркнул «комические мотивы», (7) присущие пасторали, выраженные в образе Б. Банча. Стремясь представить Йокнапатофу в пасторальном облике, К. Брукс и Э. Моттрэм, явно игнорируют яростный фанатизм дока Хайнса, расовые предрассудки толпы, преследующей Кристмаса, жестокость Перси Гримма - все это осталось за пределами созданной ими идиллической картины. И вообще роман никак не укладывается в тесные рамки пасторали. Называют роман «Свет в августе» «легендой», (8) Н. Х. Пиерсон: «мифом» (9) Д. М. О. Доннелл, не раскрывая суть этих определений.

Все определения романа даны исходя из субъективных критериев. Отвергая само понятие идейного содержания и критерий правдивости, К. Брукс, О. Виккери и другие исследователи обращают внимание лишь на форму произведения, рассматривают романы писателя вне связи с социальной действительностью.

У. Фолкнер не отрицает значения художественной формы, но главным считает все-таки содержание.

Советские литературоведы также уделили много внимания исследованию своеобразия романа «Свет в августе». Так, «Свет в августе» Т. Мотылева определяет как «социально-криминальный роман» с динамически развертывающимся, причудливо закрученным сюжетом. (10)

М. Ландор считает, что «Свет в августе» надо рассматривать как «роман национального опыта», (11) то есть по его мнению перед нами мощное целое, и принципы организации материала близки русской традиции.

После «Анны Карениной» - одной из любимых книг Фолкнера трудно не увидеть, что «почти самостоятельные темы» истории Лины, Кристмаса и Хайтауэра представляют с разных сторон момент в жизни страны и юга, ту связь прошлого с настоящим, которая и открывается в романе через внутреннюю соотношенность этих историй. Романтическая стихия этой книги Фолкнера считает М. Ландор достаточно близка и «Мертвым душам». И, действительно, сколько мертвого, хватающего живых, накопившегося в национальной жизни, отражено в этом романе. И как важна для романа гоголевская тема дороги. У дороги роман начинается, рассказом о дороге он завершается. Автор же монографии «Фолкнер» Н. Анастасьев называет

Жанровое своеобразие романа У.Фолкнера «СВЕТ В АВГУСТЕ»

роман «Свет в августе» «аналитическим», (12) потому что Фолкнер здесь пытается разобраться в потоках истории, не просто запечатлеть человеческое страдание, но понять смысл его и истоки.

Нелегко определить жанр фолкнеровского романа «Свет в августе». Каждое из вышеприведенных определений по-своему справедливо, но всякий раз оно лишь с одной стороны характеризует произведение. В данной работе мы постараемся уточнить последнее определение романа, остановившись на некоторых моментах, неполно вскрытых в книге Анастасьева.

Фолкнер постоянно искал пути усовершенствования творческого мастерства, исследовал новые области жизни, задумывался над глубокими социальными, философскими и психологическими проблемами.

Начнем анализ романа «Свет в августе» с элементов социального жанра в структуре романа. Одной из главных тем его творчества стал моральный кризис общества.

Писателя действительно волновали вопросы: Откуда зло в мире? Откуда зло в человеке? В поисках причин морального зла он исходит прежде всего из социального анализа объективной действительности. Так, в романе «Свет в августе», как нередко и в других своих произведениях, Фолкнер внимательно заглядывает в прошлое, дает предисторию своего героя; верно и то, что примесь черной крови становится для Кристмаса (главного героя романа) роковым обстоятельством, обрекает его на сиротство, несправие, неприкаянность, одиночество, в конечном счете - на гибель.

Писатель обращается к прошлому, но это лишь рамка для писателя, лишь возможность изложить свои мысли относительно положения человека. Тяжелый груз прошлого, унаследованных предрассудков, фанатизма давит на героев романа, толкает их к бегству от жизни, а это в свою очередь, неминуемо приводит к саморазрушению личности. Но романист обращается к прошлому вовсе не потому, что хочет «аннулировать» время: ретроспекция у Фолкнера тесно связана с реалистической природой его творчества, с органически присущей ему потребностью - исследовать, анализировать, объяснить. «Джо Кристмас действительно вырос всем и всему чужим, но в этом меньше всего виновен он сам», (13) утверждает Т.Мотылева. И далее продолжает что мы отчетливо видим причины, в силу которых из малыша-подкидыша с белой кожей и примесью негритянской крови, никем не любимого и никому не нужного, испытавшего и травлю в сиротском приюте и благочестивое тиранство фермера-воспитателя, вырастает человек травмированный, озлобленный; мы понимаем и то, как должна была его раздражать истеричная, назойливо-покровительственная любовь мисс Берден, попытавшейся наставить его в христианской вере и вывести в люди. Вместе с тем немаловажно, что Фолкнер наделяет Кристмаса и неясной тоской по справедливости, человечности.

Таким образом, тупая озлобленность Кристмаса - не результат воли таинственного рока: тут действуют вполне познаваемые причины. И Фолкнер не жалеет, он яростно борется, даже сознавая свою обреченность.

«Предмет моих мечтаний, - писал Фолкнер М.М.Каули, - собрать все в одной фразе - не только настоящее, но и все прошлое, на котором оно держится и которое овладевает настоящим мгновением за мгновением. (14)

Вот это стремление писателя собрать, сконцентрировать в одной фразе прошлое и настоящее, становится проблемой подхода к миру и человеку. В романе «Свет в августе» Фолкнер говорит о конкретной проблеме человека, поставленного общественной системой Америки в ситуацию, враждебную обществу и белых и черных, вынужденного объявить войну миру и погибнуть в этой войне. Фолкнер стремится со всей сложностью, ничего не упрощая, нарисовать картину жизни белых и черных на юге, показать всю противоестественность общества, в котором есть, возможно, негритянская кровь, становится отщепенцем, изгоем, отгороженным от общества непреодолимыми барьерами предрассудков. Следовательно, поведение Кристмаса в конечном счете определяется социальными причинами. Изображаемая Фолкнером жизнь американского юга, предьявляет читателю множество поводов для философских раздумий. Философская проблематика также нашла свое отражение в жанре романа «Свет в августе», где невольно встают вопросы: в чем заключен смысл «вечных истин», к которым приходят Хайтауэр и Джо Кристмас? Кристмас не может найти своего места в жизни, ибо не знает, белый он или негр. Всю жизнь Кристмас бежал от жестокой действительности. Лишь в самый последний миг своего существования Джо понимает, что его попытки уйти от действительности, прошлого были напрасны. Он признает власть прошлого над собой и в этом обретает подлинную свободу, обретает себя. Т.Морозова отмечает, что Фолкнер до конца оставляет открытым вопрос о том, действительно ли в Кристмасае есть какая-то доля негритянской крови, и продолжает: «не исключено, что Кристмас - самый что ни на есть «стопроцентный белый». Никаких достоверных доказательств обратного не может представить ни один из персонажей романа. Кто он такой - черный или белый?»

Таким образом, Фолкнер «поставил в качестве одной из центральных проблем романа важную философскую проблему свободы выбора». (15) Именно в создании произведений, наполненных обобщенным философским смыслом, видит Фолкнер назначение художника.

В отличие от Кристмаса священник убежден, что в его жизни все предопределено прошлым. И лишь в конце романа, когда жизнь втягивает его в свой водоворот, наступает прозрение Хайтауэра. И он преодолевает ложь «южного мифа», который питал его самообман. Вместе с этим сознанием он также, как и Кристмас, обретает свободу. Кристмас и Хайтауэр в последние мгновения жизни приобщаются к высшим истинам.

Книга писателя «Свет в августе» наряду с показом сложнейшей философской проблемы свободы - трактует вопросы общечеловеческого значения: проблемы добра, гуманизма, назначения человека. Мир гармоничных человеческих отношений воплощает в себе Лина Гроув и Байрон Банч. Лина Гроув, крестьянская девушка, которая забеременев, отправилась на поиски своего возлюбленного, в наивном убеждении, что он женится на ней. В этом есть нечто трогательное, в спокойном ожидании добра, в том внимании, которое все люди оказывают ей на ее долгом пути в Джефферсон. Сродни Лине и повстречавшийся ей в Джефферсоне рабочий Байрон Банч. Это прямой и добрый человек, полюбивший Лину Гроув и ее будущего ребенка. Лина же при всех обстоятельствах сохраняет уверенность в

Жанровое своеобразие романа У.Фолкнера «СВЕТ В АВГУСТЕ»

благополучном исходе своего путешествия. Это подводит нас к самому ценному в творчестве Фолкнера - к стоическому характеру его гуманизма. «Я верю, что человек не только выстоит - он победит», Лина - не только символ человеческого тепла, непоколебимой стойкости и мужества, но и олицетворение вечности, непрестанно обновляющейся жизни.

Умение писателя ставить сложнейшие социальные и философские проблемы сочетается с тонким искусством психологизма. Заметно стремление Фолкнера к психологическому роману. Болгарский литературовед Зарев Пантелей отмечает, «что у Фолкнера характер выступает как форма познания психологии личности и шире - психологии народа». (16) И, действительно, характер и психология героя у Фолкнера объяснены и мотивированы предельно точно. Джо Кристмас является жертвой укоренившихся предрассудков, так и их носителей. Именно этот парадокс и составляет психологическую основу образа Джо Кристмаса. С двух лет, когда Кристмас начал сознавать себя и окружающих, он сталкивается с ненавистью, чувством, которое он еще не понимает, но которое прочно отложилось в его памяти, ибо «память верит раньше, чем вспоминает знание». Джо Кристмас испытывает на себе жестокость людей, воспитанных на принципах расовой ненависти.

